

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

Асилова А.С., Нұрғазина Ә.М.

## **ҚОР НАРЫҒЫ ЖӘНЕ БИРЖА ІСІ**

Оқу құралы

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2022

**Пікір жазғандар:** **Дауылбаев Қ.Б.** – экономика ғылымдарының докторы, Еуразиялық Заң академиясының профессоры  
**Досжан Р.Д.** – экономика ғылымдарының кандидаты, әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің доценті

### **Асилова А.С., Нұрғазина А.М.**

Қор нарығы және биржа ісі: Оқу құралы / А.С. Асилова, Ә.М. Нұрғазина. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 148 б.

Оқу құралында қор нарығы және биржа ісі түсінігі мен мәні, қаржылық құралдардың жіктелінуі, қор нарығы қатысушыларының қызметіндегі ерекшеліктер, бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртіптері мен шарттары сияқты тақырыптар қамтылады.

Зерттелген материалды қорытындылау мақсатында оқу құралында өзін-өзі бақылау сұрақтары, тест сұрақтары және тапсырмалар келтірілген. Мазмұндалған оқу материалы қор нарығы және биржа ісі саласында теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу құралы қаржы-экономикалық мамандық бойынша оқитын студенттер мен магистранттарға, сонымен қатар қор нарығы саласындағы жас мамандардың білімін, біліктілігін жоғарылату үшін ұсынылады.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>I. ҚОР НАРЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	<b>5</b>
1.1. Қор нарығы ұғымы және мәні.....	5
1.2. Бағалы қағаздардың түрлері.....	15
1.3. Акцияларға салынатын инвестицияның ерекшеліктері.....	22
1.4. Облигацияларға салынатын инвестицияның ерекшеліктері.....	32
1.5. Туынды қаржылық құралдардың мәні.....	40
<b>II. БИРЖА ІСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	<b>63</b>
2.1. Биржа және биржа ісінің мәні мен түсінігі.....	63
2.2. Биржа нарығын реттеу.....	75
2.3. Биржа нарығының субъектілер.....	83
<b>III. БИРЖАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТӘЖІРИБЕСІ</b> .....	<b>91</b>
3.1. Биржа нарығындағы инвестициялау механизмі.....	91
3.2. Биржа нарығындағы инвестициялық стратегия.....	98
3.3. Биржа нарығындағы клиринг және есеп айырысу, сауда жүргізу тәртібі мен шарттары.....	104
<b>ГЛОССАРИЙ</b> .....	113
<b>ТАПСЫРМАЛАР</b> .....	118
<b>ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ</b> .....	126
<b>ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ</b> .....	143
<b>БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ</b> .....	144

## КІРІСПЕ

Қор нарығының айналым механизмін түсінусіз қазіргі уақыттағы капиталдық ұдайы өндірістің көптеген үдерістері мен мәнін түсініп, ұғыну мүмкін емес. Қор нарығы күрделі әрі әртараптандырылған жүйе. Бұл нарықты әртүрлі белгілеріне байланысты жіктеуге болады. Қор нарығы алғашқы және қайталамалы болып бөлінеді. Алғашқы нарықта жаңа бағалы қағаздардың шығарылымы арқылы капиталдың мобилизациясы жүзеге асады, ал қайталамалы нарықта – шығарылып қойған бағалы қағаздар айналысы жүреді. Сондай-ақ, бағалы қағаздардың жиынтық нарығы айналымды ұйымдастыру формасы бойынша биржалық және биржадан тыс операциялар құрамынан тұрады.

Қазіргі уақыттағы экономикалық қатынастардың дамуы биржа және сауданың биржалық механизмі сауда операцияларын жүзеге асырудың басты механизмі ретінде қабылданып, бекітілген. Қандай да болмасын биржа логикалық дамудың және толықтаушы сауда құрылымы – нарықтың реттелуінің нәтижесі.

«Қор нарығы және биржа ісі» оқу құралы «Бағалы қағаздар нарығы» және «Биржа ісі» пәндеріне сәйкес биржалық және биржадан тыс қор нарығы саласындағы теориялық-әдіснамалық білімдерді және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында дайындалды.

«Бағалы қағаздар нарығы» және «Биржа ісі» пәндері – қор нарығындағы субъектілердің қаржылық құралдарын шығару, айналысқа жіберу және өтеу кезіндегі экономикалық қатынастарға негізделген, практикаға бағытталған курстар.

Қор нарығын және биржа ісін зерттеу саласына келесілер жатады:

- қор нарығының мәні;
- қор нарығы инфрақұрылымының ерекшеліктері;
- қор нарығы субъектілерінің қызметіндегі ерекшеліктер, сондай-ақ оларды реттеу мен бақылау;
- биржаның қызметтері;

- сауданы, клирингті және есеп айырысуларды жүргізу тәртіптері;
- қаржылық құралдарды шығару, тіркеу, айналысқа жіберу, сатып алу немесе өтеу тәртіптері.

«Қор нарығы және биржа ісі» оқу құралының өзектілігі экономикалық субъектілердің дамуы үшін қажетті инвестициялық ресурстарды қайта бөлудегі қор нарығының рөлімен анықталады. Бұл оқу құралындағы оқу-практикалық материалда отандық қор нарығының пайда болуынан бастап қазіргі кезге дейінгі инфрақұрылымды кезең-кезеңмен реформалау қамтылған. Сонымен қатар оқу құралында қор нарығының зейнетақы жүйесімен, валюта нарығымен, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесімен, ақша-несие жүйесімен және қаржы нарығының өзге де салаларымен өзара байланысын талдау ұсынылған.

Сондай-ақ, бұл оқу құралы «Биржалық трейдинг» арнайы курсы менгеруде пайдаланылуы мүмкін.

Оқу құралы кіріспеден, қысқартылған сөздер тізімінен, үш негізгі тараудан, глоссарийден, тапсырмалар бөлімінен, тест сұрақтарынан және библиографиялық тізімнен тұрады.

# **I. ҚОР НАРЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ**

## ***1.1 Қор нарығы ұғымы және мәні***

Қазіргі экономикалық әдебиеттерде «қор нарығы» терминінің екі түсіндірмесі бар. Кейбір авторлар оны «бағалы қағаздар нарығы» ұғымының синонимі ретінде қарастырады, басқалары классикалық ұзақ мерзімді биржалық бағалы қағаздар нарығы ретінде: акциялар мен облигациялар деп түсіндіреді. Соңғы түсініктемеде «қор нарығына» қарағанда, «бағалы қағаздар нарығы» кеңірек түсінік болып табылады. Бұл оқу құралында «қор нарығы» термині кеңінен түсіндіріле отырып, ол «бағалы қағаздар нарығы» тұжырымдамасының синонимі ретінде қолданылады.

«Қор нарығы» термині француздың «fonds» немесе ағылшынның «funds» сөздерінен шыққан «ақшалай капитал» түсінігі болып табылады.

Қор нарығы инвесторлардан эмитенттерге қаржы ресурстарын бөлуді жүзеге асыратын қаржы нарығының ажырамас бөлігі. Бағалы қағаздарды шығару жолымен эмитенттер – компаниялар және өзге де ұйымдар, өзінің дамуына немесе ағымдағы қызметіне қажетті капиталды тартады. Бағалы қағаздарды сатып алатын тұлғалар инвесторлар болып табылады, олар ұсынылған инвестициялардың орнына белгілі бір құқықтарға ие болады.

Бағалы қағаздар – бұл нарықта айналыста болатын және бір сатып алушыдан екіншісіне өтетін қаржылық құралдар. Бұл ретте, эмитенттің бағалы қағазда бекітілген міндеттемелерді орындауы үшін талап ету құқығы осы бағалы қағазды сату жөніндегі мәмілені тіркеген кезде жаңа иесіне беріледі.

Осылайша, қор нарығы – бағалы қазақдарды сатып алушылар мен сатушылардың кездесу орны, сонымен қатар, бағалы қағаздарды шығару, айналысқа жіберу және өтеу кезінде қатысушылардың арасында туындайтын қатынастарды байланыстыратын нарық болып табылады.

Көп жағдайларда нарық қатысушыларының арасындағы мәмілелер кәсіби делдалдардың – эмитенттер мен инвесторларға қаржылық қызметтерді көрсететін мамандандырылған ұйымдардың көмегімен жүзеге асырылады. Мұндай қызметтерге – бағалы қағаздарды шығару немесе сатып алу бойынша кеңес беру, бағалы қағаздарды тіркеу, бағалы қағазды сатып алуда клиенттің тапсырмасын орналастыру, меншік құқығын тіркеу, бағалы қағаздарды орналастыру және сақтау, бағалы қағаз бойынша кіріс төлемін жүргізу, оны сатып алу немесе өтеу жатады.

Неліктен «қағаз»: бағалы қағаздың тарихи қалыптасқан формасы – бұл оны шығарған және оны алған тұлғалар арасындағы ақша-несиелік қатынастарды көрсететін құжат. Яғни, қағазда бағалы қағаздың сатып алушысының және сатушысының құқықтары мен міндеттері баяндалған.

Қаржы нарығының дамуымен бағалы қағаздың қағаз формасына деген қажеттілік жойылды және қазіргі тәжірибеде бағалы қағаздың параметрлері, эмитенті және инвесторы туралы электронды жазбалардың жүйесі қолданылады. Мұндай электронды жазбалар осы активтің заманауи формасы болып табылады. Өз кезегінде қағаз тасымалдаушыда шығарылатын бағалы қағаздың бланктік формасы бағалы қағаздың кейбір түрлерінің шығарылымы үшін ғана қолданылады.

Бағалы қағаздар өзінің экономикалық сипаты бойынша мүліктік-ақшалай құқықтар мен міндеттерді қамтамасыз ететін капитал болып табылады. Капиталдың үлестік немесе борыштық формада болу сипатына байланысты бағалы қағаздар да үлестік және борыштық болып жіктелінеді:

1. Үлестік бағалы қағаздар меншік иелерінің арасындағы капиталға қатысуына байланысты кәсіпкерлік тәуекелді пропорционалды түрде бөлуді ескере отырып, кәсіпорын активтеріндегі үлесті бекітеді. Бірақ, үлестік формадағы инвестициялар эмитенттің инвестор алдындағы қарызы емес болғандықтан қайтарылмайды.

Екінші жағынан, борыштық қаржыландырумен салыстырғанда компанияның бір бөлігіне меншік құқығы көптеген инвесторлар үшін үлкен қызығушылық тудырады: біріншіден, мұндай активтердің нарықтық құны уақыт өте келе өсуі мүмкін, екіншіден, мұндай активтер кәсіпкерге пайда әкелуі мүмкін.

2. Борыштық бағалы қағаздар мерзімділік, төлемдік және қайтарымдылық қағидаларына негізделген ақша-несиелік қатынастарды анықтайды. Кредитор борыштық бағалы қағазды сатып ала отырып, қарыз алушыға қаржылық ресурстарды қайтару және «процент төлеу» шартымен ұсынады. Кредитор кәсіпкерлік тәуекелге ұшырамайды, сол себепті қарыздық қаржыландырудың тәуекелі төмен болып табылады.

Борыштық құралдарды сатып алудағы инвестордың негізгі мақсаты – капиталын ұлғайту және көбейту болғандықтан, оларды бағалы қағаздарға орналастыру инвестицияларға жатқызылады. Бағалы қағаздар инвестициялаудың міндеттері негізінде портфельдік инвестицияларды да, тікелей инвестицияларды да жүзеге асыру үшін қолданылады. Осы себептен пайда табу әрдайым қаржылық активтерді бағалы қағаздарға инвестициялаудың басымдығы ретінде қарастырыла бермейді (бірінші кезекте бұл борыштық құралдарға қатысты).

Бағалы қағаздарға инвестиция салудың қаржылық нәтижесі борыштық құралдарды эмиссиялау кезінде – тартылған құралдардан процент түрінде, үлестік бағалы қағаздарды эмиссиялау кезінде – таза пайдадан дивиденд түрінде көрсетілуі мүмкін. Сондай-ақ, бағалы қағаздардың екі түрі де нарықтағы тиімді шарттармен қайта сатылған жағдайда нарықтық құнның өсуінен табыс алуға мүмкіндік береді.

Бағалы қағаздармен және олардың туындыларымен жасалатын мәмілелердің сипатын ескере отырып, қор нарығын инвестициялық және инвестициялық емес деп жіктеуге болады. Градация нақты инвестициялау принципіне негізделген. Эмитенттердің бағалы қағаздары инвестициялық нарықта орналастырылады, оның мақсаты қаржыландыру және олардың қызметін кеңейту үшін капитал тарту болып табылады.



Мұндай нарықтар бағалы қағаздарды алғашқы орналас-тыруды жүзеге асырумен және сатып алушыға құралдарды нақты жеткізумен сипатталады. Бұл жағдайда инвестор бағалы қағазды шығаруға берілген барлық құқықтарды, атап айтқанда, бағалы қағазды актив ретінде иеленуге, пайдалануға және басқаруға, оның ішінде мұрагерлік құқығын пайдалануға құқылы. Инвестициялық нарықта деривативтер – бағалы қағаздармен байланысты негізгі тәуекелдерді хеджирлеуге мүмкіндік беретін туынды құралдар ретінде айналыста болады. Деривативтер жеткізілетін немесе жеткізілмейтін (алып-сатарлық) болуы мүмкін. Жеткізілмейтін деривативтер базалық активті иелену және пайдалану құқығын ұсынуды қарастырмайды.

Инвестициялық емес нарықта тек туынды құралдармен алып-сатарлық мәмілелер жасалады, яғни онда жеткізілмейтін деривативтер айналыста болады. Мәмілелер бойынша қатысушылардың саудасы және позициялардың есебі маржиналдық сауданың жалпы қағидалары бойынша жүргізіледі. Өрбір мәміле контрагенттің позицияларының нәтижесі күн сайын анықталады және базалық активтің нарықтық құнының өзгерісіне, сондай-ақ сауда жүйесіндегі ойыншылардың арасындағы сұраныс пен ұсыныс деңгейіне негізделеді. Нарық биржалық болып табылмайды. Инвестициялық емес нарықтың негізгі қатысушылары – жүргізілетін мәмілелерден жедел табысты көздейтін алып-сатарлар болып табылады, сол себепті жеткілікті өтімділік кезінде жоғары құбылмалылық және үлкен тәуекел болуы мүмкін.

Инвестициялық емес нарықты деривативтер нарығына жатқызуға болмайды – көптеген жағдайларда биржа нарығына деривативтер қаржылық құралдардың айналысы кезінде әрекет ететін тәуекелдерді жабуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар барлық инвестициялық нарықтарға алып-сатарлық тән екенін айта кету керек. Алып-сатарлардың болуы қор нарығындағы тәуекелдің жоғарлауына әкеледі, сондай-ақ бір уақытта олардың өтімділігін де жоғарылатады.

Қаржылық нарықтағы тәуекелдер бағалы қағаздардың құнына және оларды жедел сатып алу-сату мүмкіндігіне кері әсерін тигізеді, бұл әр түрлі факторлардың әсерінен бағалы қағаздардың нарықтық құнының төмендеуіне әкеледі. Инвесторлар бағалы қағаздар бағамының төмендеуінен зиян шегеді немесе оларды қысқа уақыт аралығында сата алмайды.

Сонымен қатар, борыштық бағалы қағаздар несиелік тәуекелмен, соның ішінде бекітілген мерзімдерде төлем жасауды кешіктірумен немесе міндеттемені ішінара немесе толық өтей алмаумен байланысты. Көрсетілген тәуекелдер эмитенттер қызметін, олардың қаржылық нәтижелерін және құралдарын, сонымен қатар ұлттық және халықаралық қор нарығына әсер ететін макроэкономикалық факторларды талдау мен бағалауды қалыптастырудың қажеттілігін туындатады.

Бұл қатынаста бағалы қағаздар саласында қаржылық менеджментке, қаржылық талдауға, бухгалтерлік есепке, тәуекелдерді басқаруға, макро- және микроэкономикалық модельдеу мен болжауға қатысты білімдерді қолдануға болады, сондай-ақ олардың маңызы жоғары болып табылады.

Тұжырымдамаға сәйкес қор нарығы экономикалық субъектілердің қажеттіліктеріне капиталды тиімді қайта бөлуге мүмкіндік беретін экономиканың маңызды бөлігі болып табылады. Бірақ, қатысушылар санының көп болуы, бағалы қағаздарды сатып алушы және сатушы жақтардың бәсекелестігінің жоғары деңгейі, сондай-ақ делдалдардың қызметі қор нарығының тұрақсыз және құбылмалы болуына, ондағы алып-сатудың көбеюіне әкеледі.

Қор нарығы және оның қатысушыларының қызметі елдің қаржылық тұрақтылығын қалыптастыру мақсатында мемлекет тарапынан бақыланады және реттеледі. Бұдан бөлек, елдің қаржы жүйесіндегі қор нарығының белсенді рөлі бағалы қағаздарды ақша-несиелік реттеуді және қаржы нарығының жалпы тиімділігін арттыру бойынша саясатты жүргізу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Қор нарығы ұлттық, халықаралық және жаһандық болып жіктеледі. Бағалы қағаздар бір уақытта ұлттық және халықаралық нарықта айналыста жүруі мүмкін. Ұлттық нарық мемлекет шекарасымен шектеледі және осы елдің заңнамасына сәйкес әрекет етеді. Халықаралық нарықта әр түрлі елдердің мүдделері және резидент-субъектілердің ақша-несиелік қатынастары тоғысады. Көптеген елдердің бәсекеге қабілетті және тартымды инвестициялық ұлттық нарықтары шетелдік эмитенттерге және инвесторларға ашық, сол себепті олар қаржылық құралдардың халықаралық саудасының орталығына айналады. Жаһандану мен интеграциялық үрдістерді ескеретін болсақ, халықаралық сауданың көлемі бағалы қағаздардың жаһандық нарығында сауданың жалпы көлемі бойынша басым болып келеді. Ғаламтор-технологиялардың дамуын есепке алсақ, биржадан тыс нарықтар – жаһандық деңгейде жұмыс істейтін онлайн алаңдар әрекет етеді.

Экономикалық қатынастар жүйесіндегі қор нарығының маңызды болу себебінен, «Қор нарығы» және «Биржа ісі» курстарын оқыту кезінде білім мен құзыреттіліктер экономикамен және қаржымен тығыз байланысты болып келеді.

«Қор нарығы» курсының оқытудың мақсаты бағалы қағаздар саласында білімді және дағдыларды қалыптастыру.

«Қор нарығы» курсының зерттеу объектісі бағалы қағаздарды шығару, айналысқа жіберу және өтеу кезінде туындайтын экономикалық қатынастар болып табылады.

Курстың міндеттері:

- қор нарығының теориясын және әдіснамасын меңгеру;
- нарықтың қалыптасуын және дамуын зерттеу;
- нарық құрылымын талдау және оның қатысушыларының қызметінің негіздерін зерттеу;
- қор нарығындағы жұмыстардың шарттары мен тәртібін анықтайтын нормативтік және құқықтық актілермен таныстыру;
- қаржылық құралдарды талдау және бағалау туралы білімді қалыптастыру.

«Биржа ісі» курсы биржа нарығында жұмыс жасау үшін қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған материалға сәйкес «Биржа ісі» курсының зерттеу объектісін, мақсатын және міндеттерін анықтауға болады.

Курстың мақсаты – биржалық қызмет саласында білімді және дағдыларды қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- биржа нарығының қалыптасуының теориясын және әдіснамасын меңгеру;
- биржалардың қалыптасу және даму тарихын оқыту;
- биржаның әрекет ету негіздерін зерттеу;
- биржа нарығындағы жұмыстардың шарттары мен тәртібін анықтайтын нормативтік және құқықтық актілермен таныстыру;
- биржа нарығының құрылымын талдау;
- биржа нарығы субъектілерінің қызметтерін зерттеу;
- биржалық құралдарды шығару, тіркеу, айналысқа жіберу, сатып алу немесе өтеу тәртіптерін меңгеру.

«Биржа ісі» курсының зерттеу объектісі биржа нарығы субъектілерінің экономикалық қатынастырының жиынтығы.

Осылайша, бағалы қағаздар қаржылық активтерді тарту немесе орналастыру үшін қолданылатын қаржылық құралдар сондай-ақ, қор нарығы экономиканың және қаржы жүйесінің маңызды бөлігі. Қор нарығының тұрақтылығын және тиімділігін арттыру үшін оның қызметі мемлекет тарапынан реттеледі.


### ***Өзін-өзі бақылау сұрақтары***

1. *«Бағалы қағаздар» түсінігі қалай анықталады?*
2. *Қор нарығы қандай қызметтерді және міндеттерді атқарады?*
3. *Қор нарығының экономикалық қатынастар жүйесіндегі рөлі қандай?*
4. *Қор нарығындағы делдалдар қандай қызметтер көрсетеді?*
5. *Үлестік және борыштық бағалы қағаздардың айырмашылығы неде?*
6. *Бағалы қағаздардың пайда болуының тарихи алғышарттары қандай?*
7. *Халықаралық қор нарығының ерекшелігі неде?*

## 1.1 практикалық бөлім

### 1-тапсырма.

Суретте экономиканың қаржылық жүйесінің субнарықтарының өзара байланысы көрсетілген. Осы нарықтардың өзара қарым-қатынасының сипаттамасын беріңіз. Суретке қосымша қандай субнарықтарды қоса аласыз?



### 2-тапсырма.

Төмендегі кестеде көрсетілген нарықтардың әрқайсысының қатысушылары қолданатын құралдарға мысал келтіріңіз:

Қор нарығы	Туынды қаржылық құралдар нарығы	Валюта нарығы	Несие нарығы	Ақша нарығы
1.	1.	1.	1.	1.
2.	2.	2.	2.	2.
3.	3.	3.	3.	3.

### 3-тапсырма.

Кестенің бағандарына сәйкес үлестік және/немесе борыштық құралдарға жатқызылатын терминдерді бөліңіз:

Үлестік бағалы қағаздар	Борыштық бағалы қағаздар
1.	1.
2.	2.
3...	3...

Терминдер: инвестор, кредитор, қарыз алушы, биржа, қарыз, үлес, процент, дивиденд, таза пайда, акционер, акция, облигация, пай, мемлекеттік бағалы қағаз, эмитент, мерзімді бағалы қағаз, мерзімсіз бағалы қағаз, дефолт, купон.

#### **4-тапсырма.**

Кәсіби делдалдар эмитенттерге және инвесторларға қызмет көрсетеді. Мұндай қызметтерге – бағалы қағаздарды шығару бойынша кеңес беру, бағалы қағаздарды сатып алу бойынша кеңес беру, бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу, бағалы қағазды сатып алуда клиенттік тапсырысты орналастыру, меншік құқығын тіркеу, бағалы қағаздарды нарықта орналастыру, бағалы қағаздарды сақтау, бағалы қағаз бойынша кіріс төлемін жүргізу, бағалы қағазды сатып алу немесе өтеу жатады. Жоғарыда айтылған қызметтердің қайсысы эмитенттерге, қайсысы инвесторларға көрсетілетінін анықтап, оларды төмендегі кестенің сәйкес бағандарына бөліңіз:

Эмитентке көрсетілетін қызметтер	Инвесторға көрсетілетін қызметтер
1.	1.
2.	2.
3...	3...

#### **5-тапсырма.**

Тікелей және портфельдік инвестициялардың жүзеге асырылу ерекшеліктерін зерттеңіз және төмендегі кестені толтырып, олардың қор нарығымен өзара байланысын сипаттаңыз:

<b>Параметр атауы</b>	<b>Тікелей инвестициялар</b>	<b>Портфельдік инвестициялар</b>
Қолданылатын құралдар		
Инвестициялау мақсаты		
Инвестициялау міндеті		
Құралдармен мәміле жасасудың ерекшеліктері		
Инвестициялардан күтілетін нәтижелер		
Қор нарығымен өзара байланыс		


## 1.2. Бағалы қағаздардың түрлері

Ел үкіметіне, компанияларға немесе ұйымдарға өз қызметін қаржыландыру үшін капиталға қажеттілік әр түрлі себептерден туындайды.

Сонымен қатар, несиелік ұйымдардан қарыз алу жолымен үйреншікті қаржыландыру әрқашан тиімді, әрі оңтайлы шешім бола бермейді. Капитал тарту үшін инвесторлардың шектелмеген шеңберіне жүгіну мақсатында бағалы қағаздарды шығару мүмкіндігі пайда болды.

Қаржы нарығының жедел дамуы корпоративті бизнеспен, мемлекетпен және халықаралық институттармен түрлі шарттарда қаржылық ресурстарды тарту үшін пайдаланылатын бағалы қағаздардың алуан түрлері мен формадарының пайда болуына әкеледі.

Қор нарығының негізгі құралы бағалы қағаздар болып табылады. Бағалы қағаздарды 1-суретте келтірілген мысалдарға сәйкес үлестік және борыштық деп жіктеуге болады:



1-сурет. Эмиссиялық бағалы қағаздар



Үлестік бағалы қағаздар эмитент мүлкіндегі үлеске құқықты бекітеді. Бұл бағалы қағаздарға биржада айналысқа жіберілетін акцияларды және инвестициялық қордың пайларын жатқызуға болады. Акционерлер мен пай ұстаушылар белгілі бір құқықтарға, соның ішінде активтердің белгілі бір үлесін иелену мен пайданы бөлуге қатысу құқығына ие болады.

Қолайлы конъюнктура кезінде үлестік бағалы қағаздарды қайталама (екінші) нарықта сату жағдайында инвесторлар бұрын сатып алынған бағалы қағаздардың бағамдық құнының өсімі есебінен пайда табуы мүмкін.

### 1. Акциялар.

Қандай да бір компанияның акцияларын сатып ала отырып, инвестор қолданыстағы бағалы қағаздардың пропорционал үлесінің ішінара меншік иесіне айналады және осы үлеске пропорционалды түрде жылдың қорытындысы бойынша таза пайданың белгілі бір бөлігін алу құқығына ие болады. Сол себепті акциялар әр түрлі тәуекелдерге (мысалы нарықтық құнның төмендеу тәуекелі немесе инвестициялар бойынша табыстылықтың жоқ болу тәуекелі) тығыз байланысты болып келетін үлестік қаржылық құралдар болып табылады.

### 2. Пайлар.

Үлестік құралдардың тағы бір түріне инвестициялық пай қорлары шығаратын пайларды жатқызуға болады. Қор активтері салымшылардың – пай сатып алушылардың жарнасы есебінен қалыптасады. Тартылған құралдар қаржылық құралдарға инвестиция формасында бағытталады немесе жобаларды жүзеге асыру үшін қолданылады. Пай бағамы активтердің жалпы құнына өзара байланысты болып келеді. Соңғылары пропорционалды түрде шығарылған пайлардың санына бөлінеді. Қорды басқарушылық компания басқарады, ол заңнамалық талаптарға және қабылданған инвестициялық стратегияға сәйкес өзінің инвестициялық саясатын жүзеге асырады. Қор құралдары және оның қаржылық құралдарының портфелі басқарушы компанияның активтерінен бөлек кастодиан-банкте сақталады. Кастодиан-банк қордағы қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

Алғашқы орналастыру кезінде пай номиналды құнымен сатылады. Айналыс барысында пай бағасы инвестициялық қор активтерінің нарықтық бағалауына байланысты, оның есептік бағасын қалыптастырады және өзгеріп отырады. Пай инвестициялық қор қызметінің ерекшеліктерін есепке ала отырып осы есептік баға бойынша нарықта сатылуы немесе басқарушылық компаниямен сатып алынуы мүмкін.

### 3. Облигациялар.

Борыштық бағалы қағаздар эмитенттің қарызды және сыйақыны төлеу бойынша міндеттемесін куәландырады. Биржа нарығында айналыста болатын борыштық бағалы қағаздардың негізгі түрі облигация болып табылады. Облигациялар номиналды құн бойынша немесе номиналдық жеңіл бойынша шығарылады. Номинал эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдындағы қарызының негізгі сомасын анықтайды. Облигациялар бойынша табыс купон формасында немесе дисконт мөлшерімен – сәйкесінше жеңілдік формасында көрінеді. Нарықта облигациялар бағалы қағаздардың нарықтық құнын оның номиналды құнынан жоғарылату ретінде есептелетін номиналға үстеме бағамен сатылуы мүмкін.

Эмитенттің түріне байланысты облигациялар мемлекеттік және корпоративтік болып бөлінеді. Мемлекеттік облигациялардың эмитенті мемлекеттік орган, ол бюджетті толықтыру, сондай-ақ әлеуметтік және басқа да маңызды жобаларды қаржыландыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында қазынашылық міндеттемелерді эмиссиялауды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар – әкімшіліктер Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенті болып табылады.

Сонымен қатар облигацияларды халықаралық ұйымдар мен жоғары тұрған ұлттық органдар өз қызметін немесе жобаларын қаржыландыру үшін шығаруға құқылы.

### 4. Сукук.

Қазіргі уақытта исламдық құқық қағидаларына сәйкес шығарылатын исламдық қаржылық құралдар кеңінен қолданылады. Мұндай бағалы қағаздардың бір түріне инвестицияларды пайдалану кезіндегі инвестор мен эмитенттің арасындағы серіктестікке негізделген сукукты жатқызуға болады. Сукук Шариғаттың негізгі заңдарына сәйкес жобаларды дамыту үшін инвестицияларды тарту мақсатында халықаралық және ішкі нарықта орналастырылады.

Қаржылық құралдардың сан алуандығы инвесторлар мен эмитенттерге инвестицияларды орналастыруға және тартуға бағытталған әр түрлі механизмдерді қолдануға мүмкіндік береді.

### ***Өзін-өзі бақылау сұрақтары***

- 1. Компания капиталын қалыптастырудағы бағалы қағаздардың рөлі қандай?*
- 2. Үкімет мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару кезінде қандай қызметтер мен міндеттерді көздейді?*
- 3. Борыштық бағалы қағаздарды шығарудың банк несиелерінен айырмашылығы неде?*
- 4. Бағалы қағаздарды ұстаушылар қандай құқықтарға ие болады?*
- 5. Бағалы қағаздар бойынша табысты қалыптастырудың қандай көздері бар?*
- 6. Исламдық қаржылық құралдарды шығарудың қандай ерекшеліктері бар?*
- 7. Инвестициялық қорлар шығаратын бағалы қағаздардың ерекшелігі неде?*

## 1.2 практикалық бөлім

### 1-тапсырма.

Мәтінде бос жіберілген орындарға ұсынылған тізімдегі сәйкес келетін терминдерді таңдап көрсетіңіз (сөздерді дұрыс септікте қолданыңыз):

*Багалы қағаз мүліктік құқықтарды қуәландыратын белгілі бір \_\_\_\_\_ және өзге де белгілеулердің жиынтығы болып табылады.*

*Багалы қағаздар \_\_\_\_\_ бойынша төмендегідей жіктеледі:*

- 1) \_\_\_\_\_ және құжатсыз;*
- 2) эмиссиялық және \_\_\_\_\_;*
- 3) атаулы, ұсынбалы және \_\_\_\_\_.*

- a) ордерлік;
- ә) эмиссиялық емес;
- б) құжатты;
- в) шығару формасы;
- г) жазбалар.

### 2-тапсырма.

Мәтінде бос жіберілген орындарға ұсынылған тізімдегі сәйкес келетін терминдерді таңдап көрсетіңіз (сөздерді дұрыс септікте және көптік жалғауында қолданыңыз):

*\_\_\_\_\_ багалы қағаздар қағаз немесе басқа да материалдық тасығышта багалы қағаздың мазмұнын арнайы техникалық құралдарсыз тікелей оқу мүмкіндігімен шығарылады.*

*\_\_\_\_\_ багалы қағаздар «электронды жазбалардың жиынтығы» түрінде шығарылады.*

*Эмиссиялық багалы қағаздармен салыстырғанда, \_\_\_\_\_ багалы қағаздардың бір шығарылым шегіндегі біртекті белгілері және деректемелері болмайды, оларды шығару үшін бірыңғай талаптар қойылмайды.*

Өз кезегінде \_\_\_\_\_ багалы қағаз онда аталған тұлғаның құқықтарын куәландырады.

\_\_\_\_\_ багалы қағаз осы багалы қағазды ұсынушының құқықтарын куәландырады.

Сонымен қатар \_\_\_\_\_ багалы қағаз осы багалы қағазда аталған тұлғаның құқығын, заңнамамен қарастырылған тәртіпте өзге тұлғаға құқықтарды беру жағдайында – өзге тұлғаның құқықтарын куәландырады.

- а) атаулы;
- ә) ордерлік;
- б) құжатты;
- в) ұсынбалы;
- г) құжатсыз;
- ғ) эмиссиялық емес.

### **3-тапсырма.**

Мәтінде бос жіберілген орындарға ұсынылған тізімдегі сәйкес келетін терминдерді таңдап көрсетіңіз және қажетсіз сөздерді сызып тастаңыз (сөздерді дұрыс септікте қолданыңыз):

*Биржада құжатсыз эмиссиялық \_\_\_\_\_ багалы қағаздар айналыста жүреді.*

*\_\_\_\_\_ багалы қағазға құқық Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және оған берілген лицензияға сәйкес багалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуге өкілеттік берілген қор нарығының \_\_\_\_\_ қатысушысы есепке алу мақсатында ашылатын шоттан үзінді түрінде бекітіледі.*

- а) атаулы
- ә) ордерлік
- б) құжатты
- в) құжатсыз
- г) арнайы
- ғ) кәсіби

#### **4-тапсырма.**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздардың (МБҚ) шығарылуын және айналыс ерекшеліктерін зерттеңіз. Төмендегі кестені толтыра отырып, ол бағалы қағаздарды сипаттаңыз:

<b>Қысқа мерзімді МБҚ</b>	<b>Орта мерзімді МБҚ</b>	<b>Ұзақ мерзімді МБҚ</b>

Мемлекеттік бағалы қағаздар тізімі: МЕККАМ, МЕОКАМ, МОЙКАМ, МЕУКАМ, МУИКАМ, МЕУЖКАМ

#### **5-тапсырма.**

Қор нарығында эмиссиялық бағалы қағаздарға жатқызылатын исламдық бағалы қағаздар айналыста жүреді. Мұндай құралдарды шығарудың шарттары исламдық қаржыландыру қағидаларына негізделеді. Төмендегі кестені толтыра отырып, исламдық қаржылық құралдардың шығарылуын және айналыс ерекшеліктерін сипаттаңыз:

<b>№</b>	<b>Термин</b>	<b>Сипаттама</b>
1.	Риба	
2.	Гарар	
3.	Майсир	
4.	Сукук	
5.	Сукук мушарака	
6.	Сукук мудараба	
7.	Сукук аль-Иджара	
8.	Саяям сукук	
9.	Исламдық терезелер	
10.	Уакала	

### ***1.3. Акцияларға салынатын инвестицияның ерекшеліктері***

Акциялар атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде ғана шығарылады және құжатсыз қаржылық құрал болып табылады. Акцияның меншік иесі – тұлға, осы акцияны шығарған акционерлік қоғамның акционері болып табылады. Акцияның номиналды құны – акцияның акционерлік қоғам құрылтайшыларының арасында орналастырылатын бағасы. Орналастыру бағасы бағалы қағаздардың алғашқы нарығында акцияларды сату кезінде анықталады. Одан әрі акциялар қайталамалы нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың, сондай-ақ өзге де шарттардың әсерінен қалыптасатын нарықтық құн бойынша айналыста болады.

Акцияларды қаржылық құрал ретінде пайдаланудың негізгі бағыттары төмендегі суретте көрсетілген.



**2-сурет.** Акцияларды пайдалану бағыттары

Акцияларды иелену акционерлерге белгілі бір құқықтарды береді:

- дивидендтер түрінде табыс алу құқығы;
- кәсіпорынды басқару, оның даму стратегиясы, табыс пен пайданы пайдалану және бөлу мәселелері шешілетін қарапайым акциялардың иелері акционерлердің жалпы жиналыстарында дауыс беру құқығына ие болуы.

Акционерлік қоғам төлейтін өзіне тиесілі акциялар бойынша акционердің табысы дивиденд болып табылады. Дивиденд эмитент-компанияның қаржылық нәтижелеріне тікелей байланысты.

Акция акционерлік қоғам мүлкіндегі бір бөлікке құқықты да куәландырады. Мысалы, таратылған жағдайда компанияның барлық міндеттемелерін өтегеннен кейін қалған капитал акционерлер арасында акцияларды иелену үлесіне пропорционалды түрде бөлінеді.

Егер акцияларға байланысты ұғымдар мен терминдер туралы тоқталатын болсақ, келесілерді атап өту қажет:

Акцияны бағалы қағаз ретінде акционерлік қоғам қызмет саласына қарамастан өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында шығарады: ол компаниялар, коммерциялық банктер, түрлі меншік формасындағы кәсіпорындар (жеке, мемлекеттік, аралас), тіпті коммерциялық емес ұйымдар да болуы мүмкін.

Акционерлік компанияның жоғарғы органы акциялардың меншік иелері болып табылатын тұлғаларды қамтитын акционерлердің жалпы жиналысы болып табылады. Акционерлердің жиналысында жай акциялардың иелері және белгілі бір жағдайларда артықшылықты акциялардың иелері дауыс беру құқығына ие болады.

Компанияның басқару органы – акционерлердің атынан берілген мүшелерден және тәуелсіз директорлардан тұратын директорлар кеңесі.



Атқарушы орган ретінде алқалы органның (Басқарма) немесе атқарушы органның (Президент / Бас директор) функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға болады, атқарушы органның құрылымы мен міндеттері компанияның жарғысымен айқындалады.

Акция сатып алу арқылы, оның иесі акционерлер жиналысына қатысу және бар акциялардың түрі мен үлесіне байланысты заңнама бойынша тиесілі барлық басқа да құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігімен акционер болады. Акционерлік қоғамда бір ғана акционер, сондай-ақ акционерлердің шектелмеген тобы – заңды және жеке тұлғалар болуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының маңыздылығын атап көрсете отырып, келесідей мысалдар келтіруге болады:

- акционерлердің жалпы жиналысы, егер жарғыда өзгеше белгіленбесе, оның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы;
- акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу сияқты мәселелер жатады.

Жыл сайынғы жиналыста акционерлер қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту, қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін, қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін және басқаларын айқындау жөнінде шешім қабылдайды.

Жоғарыда айтылғандай, акционерлер өздеріне тиесілі бағалы қағаздардың түріне байланысты белгілі бір құқықтарға ие.

Акциялардың екі негізгі түрі бар:

- жай акция;
- артықшылықты акция.

Орналастыру кезінде қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының 25%-нен аспауы тиіс – төмендегі суретті қараңыз:



**3-сурет.** Акцияларды шығару құрылымы

Акциялар жай және артықшылықты болуы мүмкін, төмендегі кестені қараңыз

**1-кесте.** Акциялар түрлері

<b>Жай акция</b>	<b>Артықшылықты акция</b>
Акционерлік қоғам таратылған кезде оның меншік үлесіне құқығын куәландыратын бағалы қағаз. Мұндай акция иесіне дивиденд түрінде қоғам пайдасының бір бөлігін алуға және қоғамды басқаруға қатысуға құқығын береді	Оның иесіне алдын ала белгіленген мөлшерде дивиденд алуға құқық беретін бағалы қағаз қоғамды тарату кезінде меншік үлесіне құқық береді. Мұндай акция кейбір жағдайларды, мысалы, дивидендтерді төлеу бойынша кідірістерді қоспағанда, қоғамды басқаруға қатысуға дауыс беру құқығын бермейді

Жай және артықшылықты акциялардың арасындағы дивидендтерді есептеу бойынша айырмашылықтарды қарастырайық:

1. Жай акциялар.

Жай акцияларды иеленетін акционерлер – компанияның рентабельділігі, қаржылық көрсеткіштері жақсы болған жағдайда ғана дивиденд алуға мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда, жалпы акционерлер жиналысының шешімімен акция иелеріне төлеуге пайданың қандай бөлігі жұмсалатынын және қандай бөлігін болашақ даму үшін қажет қайта инвестицияланатын капитал ретінде қалдыру туралы мәселе шешіледі. Бұл шешім компанияның бекітілген дивидендтік саясатымен анықталады.

**1-мысал:**

2020 жылға арналған АҚ-ның таза пайдасы 1 млн теңгені құрады. Айналыстағы акцияларының саны 10 000 дана. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің қорытындысы бойынша осы таза дивидендтер түрінде үлестіру туралы шешім қабылдады. Бір акцияға есептелген дивидендтердің сомасы:

1 000 000 теңге /10 000 дана (акция) 1 акцияға 100 теңге құрайды.

**2-мысал:**

2020 жылы АҚ-ның таза пайдасы 1 000 000 теңгені құрады. Айналыстағы жай акциялардың саны 10 000 дана. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша таза пайдасының 50%-ін өндірісті кеңейту үшін жаңа жабдықтарды сатып алуға бағыттау шешілді, ал қалған 50%-ін акционерлер арасында дивидендтер түрінде бөлуге шешім қабылдады. Бір акцияға есептелген дивидендтердің сомасы:

1 000 000 теңге \* 50% (немесе 0,5) / 10 000 дана (акция) 1 акцияға 50 теңге

**3-мысал:**

2020 жылы АҚ-ның таза пайдасы 1 000 000 теңгені құрады. Айналыстағы жай акциялардың саны 10 000 дана. Акционерлер жиналысының шешімімен 2018 жылы компанияның дивидендтік саясаты бекітілді, соған сәйкес жыл сайын компанияның таза пайдасының 40%-ін дивиденд төлеуге жіберіледі. Осылайша, 2020 жылы бір акцияға есептелген дивидендтердің сомасы:

1 000 000 теңге \* 40% (немесе 0,4) / 10 000 дана (акция) 1 акцияға 40 теңге

#### 1. Артықшылықты акциялар

Артықшылықты акциялардың акционерлері – меншік иесінің алдын ала белгіленген кепілді мөлшерде дивидендтер алуға жай акциялардың меншік иесі акционерлеріне қарағанда басым құқығы бар. Бұл құқық заңға сәйкес қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін бөлуге де қолданылады.

Дивидендтің кепілдік берілген мөлшері қоғамның ішкі құжаттарында, мысалы, шығарылым проспектісінде анықталады.

Артықшылықты акция бойынша дивиденд, егер бұл эмитенттің қаржылық жағдайының нашарлауына әкеп соғатын болса, белгіленген мерзімде толық мөлшерде төленбеуі мүмкін. Мұндай жағдайда компанияның артықшылықты акциялардың акционер-иесіне дивидендтерді төлеу бойынша берешегі ол толық өтелген күнге дейін жинақталады. Төлем бойынша міндеттер пайда болған сәттен бастап үш ай өткеннен кейін мұндай акционерлер акционерлердің жиналысында дауыс беру құқығын алады және бұл құқықты өздеріне тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендті толық мөлшерде төлеген күннен бастап жоғалтады.

#### 4-мысал:

Акцияның номиналды құны 1 000 теңгені құрайды. Акционердегі артықшылықты акцияларының саны – 20 дана. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілді берілген мөлшері артықшылықты акциялардың номиналды құнының 10 (он) процентін құрайды.

2020 жылы кепілдік берілген дивидендтің жиынтық мөлшерін есептеймік:

1) 1 акцияға дивиденд мөлшері

$$1\ 000\ \text{теңге} * 10\% (\text{немесе } 0,1) = 1\ \text{акцияға } 100\ \text{теңге}$$

2) акционерге есептелген дивидендтердің жиынтық мөлшері

$$1\ \text{акцияға } 100\ \text{теңге} * 20\ \text{дана} = 2\ 000\ \text{теңге.}$$

*Жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есептеуге рұқсат етілмейтін жағдайларды білу маңызды болып табылады:*

*1) компанияның меншікті капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер оның меншікті капиталының мөлшері акциялар бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;*

*2) егер компания төлем қабілетсіздік және дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе осы көрсетілген симптомдар акциялар бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса.*

*Акциялар айналымындағы басқа да ерекшеліктер:*

*1. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық формада құрылған коммерциялық емес ұйымдар өз акциялары бойынша дивидендтерді есептемейді және төлемейді.*

*2. Акционерлік қоғамның акциялары құжатсыз формада шығарылады. Иелену құқықтарын растауды тіркеушіден – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысынан үзінді көшірме формасында алуға болады (ұстаушылар акционерлер болып табылады). Акциялары бойынша дивидендтер осындай жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын банк немесе ұйым арқылы, төлем агенті көмегімен жүргізілуі мүмкін. Осылайша төлем агентінің қызметіне ақы компания есебінен жүзеге асырылады.*

*3. Акциялар бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы, мысалы, банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым арқылы жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда төлем агентінің қызметіне ақы төлеу қоғамның қаражаты есебінен жүргізіледі.*

*Акцияны мерзімсіз құрал бола отырып, акционер нарықта басқа инвесторларға сата алады. Бұл акциялардың нарықтық құнын қалыптастыруға мүмкіндік береді.*

*Әр түрлі факторларға, сұраныс пен ұсынысқа байланысты нарықтық құн әртүрлі уақытта көтеріледі немесе төмендейді.*

Сондықтан инвесторлар акцияларды нарықтық құны бойынша сатып алу-сату кезінде кіріс немесе шығын алады.

**5-мысал:**

Инвестор компанияның 1 000 дана акциясын сатып алды, 6 ай өткеннен кейін инвестор акцияларды биржада бір данасына 1 200 теңге бағасымен сатқан. Инвестордың акцияларды сатып алу-сатудан түскен табысын есептейік:

- 1) акцияларды сатып алуға бағытталған инвестициялар сомасы  
 $1\ 000 \text{ дана} * 1\ 000 \text{ теңге} = 1\ 200\ 000 \text{ теңге}$
- 2) 6 ай өткеннен кейін акцияларды сату сомасы  
 $1\ 200 \text{ теңге} * 1\ 000 \text{ дана} = 1\ 000\ 000 \text{ теңге}$
- 3) инвестордың табысы  
 $1\ 200\ 000 - 1\ 000\ 000 = 200\ 000 \text{ теңге.}$

**6-мысал:**

Инвестор компанияның 1 000 дана акциясын сатып алды, 6 ай өткен кейін инвесторға ақша керек болып, ол нарықтық құны 900 теңгеге акцияларды сатты. Инвестордың акцияларды сату және сатып алу шығынын есептейік:

- 1) акцияларды сатып алуға бағытталған инвестициялар сомасы  
 $1\ 000 \text{ дана} * 1\ 000 \text{ теңге} = \text{теңге}$
- 2) 6 ай өткен соң акцияны сату сомасы  
 $900 \text{ теңге} * 1\ 000 \text{ дана} = 900\ 000 \text{ теңге}$
- 3) инвестордың шығыны  
 $900\ 000 \text{ теңге} - 1\ 000\ 000 \text{ теңге} = -100\ 000 \text{ теңге.}$

Осылайша акциялар бағалы қағаздардың ерекше түрі болып саналады. Акцияларды тек акционерлік қоғамдар шығаруға құқылы. Акциялардың меншік иесі – бұл компаниядағы мүлік үлесіне және таза пайданы бөлуге қатысуға құқығы бар акционерлер. Акциялар жай және артықшылықты болып бөлінеді.

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. Компанияның капиталын қалыптастыруда акцияның рөлі қандай?
2. Қазақстан қор биржасында қандай компаниялардың акциялары айналымда?
3. Ел экономикасындағы акция нарығының орны қандай?
4. Жай акция иелері қандай құқықтарға ие?
5. Артықшылықты акция иелері қандай құқықтарға ие?
6. Жай және артықшылықты акция иелерінің айырмашылығы неде?
7. Эмитенттің акция шығаруының себебі неде? Эмитент үшін акциялар шығарылымының қандай кемшіліктері болуы мүмкін?

### **1.3 практикалық бөлім**

#### **1-тапсырма.**

2020 жылы компанияның таза табысы 10 000 000 АҚШ долларын құрады. Айналыстағы акциялар саны 100 000 дана. Акционерлердің жалпы жиналысы таза пайданы дивиденд түрінде жұмсауды ұйғарды: 1 акцияға келетін дивидендті анықтаңыз.

#### **2-тапсырма.**

2020 жылы компанияның таза табысы 1 000 000 еуро болды. Айналыстағы жай акциялар 10 000 дана. Компанияның жалпы жиналысының шешімімен таза пайданың 30%-і дивидендке, ал 70%-і жаңа құрал-жабдық сатып алуға жұмсалатын болды. 1 акцияға келетін дивидендті анықтаңыз.

#### **3-тапсырма.**

АҚ-ның 2020 жылғы таза пайдасы 1 000 000 000 теңге. Айналыстағы жай акциялар 1 000 000 дана. 2018 жылы компанияның жалпы жиналысында дивиденд саясаты бекітілді, ол бойынша жыл сайын таза пайданының 50%-і дивиденд төлеуге жұмсалады. 1 акцияға келетін дивидендті анықтаңыз. Айналыстағы акцияның 10%-ін иеленетін инвестордың алатын сомасын есептеңіз.

#### **4-тапсырма.**

Акцияның номиналды құны 10 000 теңге. Артықшылықты акциялар саны – 200 дана. Артықшылықты акцияның номиналды құнынан дивидендтің кепілдендірілген құны артықшылықты акция бойынша 5%. Акционер алатын соманы анықтаңыз.

#### **5-тапсырма.**

Инвестор 2020 жылдың 10 мамырында 1 данасын 535 долларға 1 000 дана акция сатып алды. 1 жыл өткен соң 580 долларға әр данасын сатты. АҚШ долларымен және жылдық процентпен инвестордың табысын есептеңіз. 2019 жылы 1 акцияға 13 доллар дивиденд төленсе инвестор қандай қаржылық жағдайда болады?



#### ***1.4. Облигацияларға салынатын инвестицияның ерекшеліктері***

Қазіргі уақытта компанияларды, мекемелерді және мемлекеттік бюджетті қаржыландырудың бірнеше баламалы көздері бар, оның біреуі – облигациялар немесе облигациялық қарыз алу болып табылады.

Облигация – шығару кезінде алдын ала белгіленген шарттары мен айналыс мерзімі бар борыштық бағалы қағаз.

Облигация кредитордың облигация шығарған қарыз алушыдан алу құқығын куәландырады:

- белгілі бір мерзіммен берілетін сыйақы;
- облигацияның номиналды құны – оның айналыс мерзімі аяқталғаннан кейінгі негізгі борыш.

Әлемдік тәжірибеде облигациялардың әртүрлі түрлері бар:

Эмитентке байланысты шығарылған облигациялар:

- мемлекеттік органдар;
- халықаралық және ұлттық ұйымдар;
- компаниялар / корпорациялар.

Эмитент түрі бойынша басқа жиі қолданылатын градация:

- мемлекеттік;
- мемлекеттік емес.

Табыс түрі бойынша:

- дисконттық облигация немесе нөлдік купон, ол бойынша кіріс номиналды құнынан жеңілдік ретінде анықталады. Мұндай облигациялар номиналдан төмен бағамен сатылады. Облигацияның айналыс мерзімі аяқталған кезде оны өтеу номиналды құны бойынша жүзеге асырылады. Дисконттық облигация бойынша процент төлеу формасындағы сыйақы белгіленбейді;

- белгіленген проценттік ставкасы бар облигация немесе купондық облигация, ол бойынша кіріс облигацияның номиналды құнымен есептелетін проценттік купондар түрінде төленеді;

- құбылмалы проценттік ставкасы бар облигация айнымалы (өзгермелі немесе құбылмалы) купоны бар облигация болып табылады. Осындай құбылмалы купон мөлшері, әдетте, нарықтық немесе макроэкономикалық көрсеткіштерге, мысалы, инфляция деңгейіне, мемлекеттік бағалы қағаздардың табыстылығыне, банкаралық несие ставкаларына байланыстыра отырып белгіленеді. Облигация купоны негізгі көрсеткішпен өзгереді. Көп жағдайларда құбылмалы проценттік ставкасы бар облигация экономикадағы мөлшерлемелер деңгейінің өзгеруіне және ұзақ мерзімді кезеңдегі капиталдың нарықтық құнына байланысты тәуекелдерді жабу мақсатында ұзақ мерзімге шығарылады. Эмитент құбылмалы купонды пайдалана отырып, облигацияның инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Акциядан облигацияның басты ерекшелігі олардың иесі қайтарымды негізде қарызға белгілі бір ақша сомасын ұсынатындығы және бұл ретте компанияның үлестік меншік иесі ретінде акцияны ұстаушы болып табылмайтындығы болып табылады.

Облигация кірісінің негізгі көрсеткіштерінің бірі купондық кіріс болып табылады. Нарық конъюнктурасының жағдайына байланысты бір облигацияның әр түрлі табыстылығы болуы мүмкін, ол купонды да, сондай-ақ номиналды құнына (номиналына) жеңілдіктер/үстемелер де қамтылуы мүмкін. Егер облигация жеңілдікпен (дисконтпен) сатылса, онда оның табыстылығы купондық кірістен жоғары болады, өйткені оны өтеген кезде оның иесі тағы да дисконт сомасын алады.

Облигация бойынша купон номиналдан проценттік төлем түрінде төленеді. Облигация иесі жылына бір немесе екі рет кезеңділікпен купондық төлемдерді алады.

***1-мысал:***

*Инвестор номиналды құны 100 теңге алғашқы орналастыру кезінде купондық облигацияны сатып алды. Облигацияның айналыс мерзімі 1 жыл. 10% купоны өтеу кезінде бір рет төленеді.*

*Инвестор алатын табысты анықтау үшін келесі есептеулерді жүргізу қажет:*

$Табыс = 100 \text{ теңге} * 10\% / 100\% = 10 \text{ теңге.}$

### **2-мысал:**

Инвестор номиналды құнынан 25% жеңілдікпен (дисконт) қайталама нарықта 10% тең купон бар 10 облигация сатып алды. Облигацияның номиналды құны 100 теңгені құрайды. Өтініш беру мерзімі 1 жыл. Инвестордың таза пайдасын есептейік:

- 1) сатып алудың нарықтық бағасы =  $(100 \text{ теңге} - 100 * 25\% / 100) * 10 \text{ дана} = 750 \text{ теңге};$
- 2) купондық кіріс =  $(100 \text{ теңге} * 10\% / 100\%) * 10 \text{ дана} = 100 \text{ теңге};$
- 3) өтеуге дейінгі номиналды құны  $100 \text{ теңге} * 10 \text{ дана} = 1000 \text{ теңге};$
- 4) табыстылық  $1000 \text{ теңге} - 750 \text{ теңге} + 100 = 350 \text{ теңге};$
- 5) инвестицияның жылдық процентпен табыстылығы  $350 \text{ теңге} / 750 \text{ теңге} * 100\% = \text{жылдық } 46\%.$

### **3-мысал:**

Инвестор қайталама нарықтағы 10% купонмен облигацияны өтеуге дейін 3 ай бұрын номиналды құнына 5% үстемесімен (сыйақымен) сатып алды. Облигацияның номиналды құны 100 теңгені құрайды. Осылайша:

- 1) сатып алудың нарықтық бағасы  $100 \text{ теңге} + 100 * 5\% / 100\% = 105 \text{ теңге};$
- 2) купондық кіріс =  $100 \text{ теңге} * 10\% / 100\% = 10 \text{ теңге.}$

Демек, осы бағалы қағазды 100 теңге номиналмен өтеген кезде, инвестордың инвестициялар сомасынан 105 теңге табыстылығы 110 теңгеге тең болады –  $105 \text{ теңге} = 5 \text{ теңге}$ , инвестиция мерзімі 3 ай (немесе жылына 19%).

### **4-мысал:**

Инвесторлар номиналды құнынан 15% жеңілдікпен (дисконт) нөлдік купоны бар облигацияны сатып алды. Облигацияның номиналды құны 1000 теңгені құрайды.

Осылайша:

1) сатып алудың нарықтық бағасы =  $1\ 000 - 1\ 000 * 15\% / 100\% = 850$  теңге;

2) купондық кіріс = номинал \* купон (%) / 100 =  $1\ 000$  теңге \*  $15\% / 100\% = 150$  теңге.

Демек, осы бағалы қағазды  $1\ 000$  теңге номиналымен өтеген кезде, инвестордың инвестиция сомасынан  $850$  теңге табыстылығы номиналдан берілетін жеңілдікке тең болады =  $1\ 000$  теңге –  $850$  теңге =  $150$  теңге.

Неліктен облигация бір жағдайда жеңілдікпен, ал екіншісінде – сыйақымен (үстемесімен) сатылуы мүмкін деген сұрақ туындайды. Бұл конъюктурасының нарық жағдайларымен және эмитенттің сенімділігімен анықталады. Облигацияның нарықтық бағасы экономикадағы өзгерістерге және инвесторлардың көңіл-күйіне қатты мән береді.

Бұрын көрсетілгендей, индекстелген облигациялар бойынша сыйақы ставкасы (процентпен) табыстылықтың базалық деңгейі ретінде алынған қандай да бір көрсеткішті ескере отырып есептеледі. Бұл базалық көрсеткішке көп жағдайларда тіркелген маржа қосылады. Қосымша тербеліс дәлізі ретінде облигациялар бойынша сыйақы ставкасының жоғарғы және төменгі шектері белгіленуі мүмкін.

Облигациялардың табыстылығы облигацияларды иеленуден пайда деңгейін сипаттайтын көрсеткіш болып табылады. Бұл көрсеткішті есептеудің қарапайым тәсілі келесідей формула болып табылады:

$$\text{Облигация табысы} = \frac{\text{жалпы купондық табыс}}{\text{облигацияның номиналды құны} \times \text{айналым мерзімі (жыл)}} * 100\% \quad (1)$$

Бұл есеп айырысу, егер купон облигациясын номиналды құны бойынша сатып алу (алғашқы орналастыру кезінде) болса, инвестор купонды төлеу немесе облигацияны өтеу сәтіне дейін ұстап қалатын болса қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда табыстылық көрсеткіші облигация бойынша орташа проценттік табысқа (купонға) тең болады.

Алайда, облигациялардың қайталама нарықта айналымы кезінде оның номиналды және нарықтық бағасы әртүрлі болады. Бұл инвестордың табыстылық деңгейін анықтауға әсер етеді, сондықтан формула келесі түрді қабылдайды:

$$\text{Облигация табысы} = \frac{\text{жалпы купондық табыс}}{\text{облигацияның нарықтық құны x айналым мерзімі (жыл)}} * 100\% \quad (2)$$

Формула бойынша табыстылықты есептеу мысалдарын қарастырайық.

### **5-мысал.**

*Инвестор инфляция деңгейіне индекстелген облигацияны сатып алды, ол бойынша табыстылығы жылдық мәндегі инфляция индексі (соңғы 12 ай үшін) қосылған 3% тіркелген маржа ретінде есептеледі. Облигацияның номиналды құны 1 000 теңгені құрайды. Облигация номиналы бойынша сатып алынды, айналыс мерзімі 3 жыл.*

*Инвестор оны өтеуге дейін ұстайды. Облигация айналысының бірінші жылы инфляция деңгейі жылдық 7%-ті, екінші жылы – жылдық 8%-ті, үшінші жылы – жылдық 6%-ті құрады.*

*Осылайша:*

*1) бірінші жылдағы купондық кіріс = 1 000 теңге \* (7% + 3%) / 100% = 100 теңге*

*2) екінші жылдағы купондық кіріс = 1 000 теңге \* (8% + 3%) / 100% = 110 теңге*

*3) үшінші жылдағы купондық кіріс = 1 000 теңге \* (6% + 3%) / 100% = 90 теңге.*

*Инвестордың үш жыл ішіндегі жалпы сомасы 1 000 теңгені құрайтын табысы жиынтық 300 теңгеге. Орташа жылдық табыстылықты анықтайық: 300 теңге / 1 000 теңге / 3 жыл \* 100% = жылдық 10%.*

Эмитент неғұрлым сенімді болса, инвестор үшін тартымды болу үшін облигация табыстылығы соғұрлым жоғары деңгейіне ие болуы тиіс. Облигацияның табыстылығы көптеген жағдайларға тәуелді, мысалы:

- эмитенттің несиелік рейтингі – ол төмен болған сайын, ақшаны қайтармау тәуекелі жоғары, инвесторға осы тәуекелді өтеу үшін облигация табысты болуы тиіс. Мемлекеттік облигациялар ең төменгі табыстылыққа ие, өйткені мұндай бағалы қағаздар бойынша несиелік тәуекел іс жүзінде аз. Тиісінше мемлекеттік бағалы қағаздар рейтингі жоғары болады;

- облигацияның айналыс мерзімі – ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша проценттік мөлшерлеме қысқа мерзімді инвестициялармен салыстырғанда жоғары болады;

- облигация бойынша кірістерге салық салу деңгейі – инвестордың инвестициялардан түскен таза табысына әсер етеді;

- қамтамасыз ету – қамтамасыз етілмеген бағалы қағаздарға қарағанда қамтамасыз етілген борыштық бағалы қағаздар бойынша купон тәуекелдердің төмен болуымен байланысты болады.

4. Қарапайым акцияларды ұстаушы-акционерлер қандай құқықтарға ие?

5. Артықшылықты акцияларды ұстаушы-акционерлер қандай құқықтарға ие

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. Компаниялардың капиталын қалыптастыруда акциялар қандай рөл атқарады?
2. Мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару кезінде үкімет қандай функциялар мен міндеттерді көздейді??
3. Компанияның қарыз капиталын қалыптастырудағы облигацияның рөлі қандай?
4. Жай акция ұстаушы-акционерлер қандай құқықтарға ие?
5. Артықшылықты акция ұстаушы-акционерлер қандай құқықтарға ие?
6. Жай және артықшылықты акция иелерінің айырмашылығы неде?
7. Эмитенттердің акция мен облигацияларды шығаруының себебі қандай?

## 1.4 практикалық бөлім

### 1-тапсырма.

Мәтінде жоқ терминдерді көрсетіңіз, тізімнен таңдап алыңыз (терминдерді керекті септікте орналастырыңыз):

\_\_\_\_\_ – айналым мерзімі алдын ала белгіленген борыштық бағалы қағаз бойынша құқық иеленбейтін тұлға, оның \_\_\_\_\_ болып саналады.

Облигацияның номиналды құны – облигацияның ақшалай құны, оның \_\_\_\_\_ кезінде анықталады, оған купондық облигация бойынша \_\_\_\_\_ мен \_\_\_\_\_ оның өтелуі кезінде есептеледі.

- а) ұстаушы
- б) облигация
- в) сыйақы
- г) сома
- д) номиналды құн
- е) шығарылым

### 2-тапсырма.

Инвесторлар 1 000 еуро номиналды құны бойынша оның алғашқы орналастыру кезінде 2018 жылы купондық облигация сатып алды. 2019 жыл мен 2020 жыл – облигациялардың айналым мерзімдері – 2 жыл. 12%-тік купон жылына екі рет төленеді. Инвестордың табысын анықтаңыз және купондық төлемдерді жоспарлаңыз.

### 3-тапсырма.

Инвестор 7% номиналды құнының дисконт (жеңілдік) бойынша қайталама нарықта, 15%-тік купонмен 100 облигация сатып алды. Облигацияның номиналды құны 100 долларды құрайды. Айналыс мерзімі 1 жыл. Инвестордың пайдасын есептеңіз.

#### **4-тапсырма.**

Инвестор төлем мерзімінен 3 ай бұрын 6% номиналды құны үшін қосымша ақымен (сыйақы) қайталама нарықта 15%-тік купоны бар облигация сатып алды. Облигациялардың атаулы құны 1 000 теңгені құрайды. Инвестордың пайдасын есептеңіз.

#### **5-тапсырма.**

Инвестор дисконттық облигацияны 8% номиналды құнынан жеңілдікпен (дисконт) сатып алды. Облигацияның номиналды құны 1 000 долларды құрайды. Айналыс мерзімі 2 жыл. Инвестордың жылдық орташа табысын процентпен анықтаңыз. Инвестордың доллармен табысын анықтаңыз.



### *1.5. Туынды қаржылық құралдардың мәні*

Туынды қаржылық құралдардың нарығы қаржы секторының маңызды сегменті болып табылады. Деривативтер инвестицияларды жүзеге асыру үшін де, тәуекелдерді жабу үшін де кеңінен қолданылады. Дегенмен, біздің елде ішінара олармен жұмыс істеу ерекшеліктері туралы базалық білімдердің жеткіліксіздігінен бұл құралдар сұранысқа ие емес. Деривативтерді қаржы тәуекелдерін жабуға арналған құрал ретінде қарастырып көрейік. Қазіргі уақытта нарық қатысушы-ларының алдынан шығатын тәуекелдерді басқару мәселесі өзекті болып табылады. Кең таралған тәуекел түрлеріне келесілерді жатқызуға болады:

- несиелік тәуекел – белгілі бір уақыт ішінде міндеттемелерді орындамау тәуекелі (яғни дефолт);
- өтімділік тәуекел – компанияның міндеттемелерді орындау үшін ресурстарды жедел жұмылдыруға қабілетсіздік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел – нарық конъюнктурасының қолайсыз ауытқулар салдарынан туындайтын қаржылық жағдайдың нашарлауымен байланысты валюталық, проценттік және қор (немесе бағалық) тәуекелдерді сипаттайтын нарықтық тәуекел;
- операциялық тәуекел – жеткіліксіз немесе қате ішкі үдерістерден, персоналдың немесе жүйенің әрекеттерінен, сондай-ақ сыртқы факторлардан туындаған шығындардың пайда болу тәуекелі.

Нарықтық тәуекелдерді жабу және басқару үшін «хеджирлеу» (hedge ағылшын тілінен аударғанда – сақтандыру, кепілдік) ұғымы қолданылады. Хеджирлеу бағаның немесе хеджирлеу объектісінің өзге де көрсеткіштерінің қолайсыз өзгеруі нәтижесінде туындайтын ықтимал залалдардың алдын алу мақсатында деривативтермен (туынды қаржылық құралдармен) операцияларды жүргізу формасында жүзеге асырылады.

Әдетте хеджирлеу бағалардың – бағалы қағаздарды баға белгілеуінің, валюта бағамының өзгеруі түріндегі тәуекелдерді жабу мақсатында мерзімді нарықта туынды бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу жолымен жүргізіледі.

Мерзімді нарық (немесе туынды қаржылық құралдар нарығы) – бұл форвард, фьючерс, опцион, своп сияқты мерзімді келісім-шарттар жасалатын нарық. Мұндай келісім-шарттар бойынша есептеулер алдын ала келісілген уақыт аралығының өтуі бойынша немесе күн сайын жасалады. Жоғарыда айтылған туынды құралдар кеңінен қолданылатын құралдар болып табылады.

Мерзімді келісім-шарттарды қолданудың ерекшеліктерін қарапайым мысалдарда қарастырайық:

***1-мысал:***

*Диірмен зауыты 2020 жылдың наурыз айында астық (бидай) сатып алуды жоспарлайды. Алайда зауыт басқармасы 2019 ж. қыркүйек-қазан айларымен салыстырғанда бағаның жоғарылайтынын біледі, сол себепті қазіргі баға деңгейін бекіткісі келеді. Егер астық алдын ала – 2019 ж. қыркүйек-қазан айларында сатып алынатын болса, зауыт 2020 ж. наурызына дейін астықты сақтаумен байланысты қосымша шығындарға ұшырайды. Бұл жағдайды шешу үшін 2019 ж. қыркүйекте биржада мамандандырылған брокер арқылы алдын ала белгіленген баға деңгейі бойынша 2020 ж. наурызда астықты жабдықтау үшін жеті айлық фьючерс сатып алынды. Осылайша мерзімді келісім-шартты (фьючерсті) қолданудың көмегімен болашақта, бұл жағдайда 2020 ж. наурыз айында астық бағасының жоғарылауымен байланысты бағалық тәуекел хеджирленеді.*

Туынды құралдардың негізгі ерекшеліктері:

- оның нақты формасы кез келген болуы мүмкін, олардың бағасы базалық активтің бағасына негізделеді,
- туынды құралдар айналысының сыртқы формасы негізгі бағалы қағаздардың айналысына ұқсас болып келеді;
- деривативтердің әрекет ету мерзімі алғашқы активтердің өмір сүру уақытымен (мысалы, акция – мерзімсіз, облигация – бірнеше жыл) салыстырғанда айтарлықтай шектелген (көп жағдайда бірнеше күннен бірнеше айға дейін) болып келеді;

- басқа активтермен салыстырғанда минималды инвестициялар арқылы пайда табуға мүмкіндік береді, себебі инвестор активтің толық құнын төлемейді, тек маржа (маржа) төлемін береді.

Көбінде нарық объектісі ретінде нарық қатысушылары мәміле жасасатын қандай да бір актив ретінде түсіндіріледі. Активтер:

- нақты, мысалы, тауар, ақша болуы мүмкін, яғни нақты капиталдың материалды тасығышы ретінде әрекет етеді;

- жалған, мысалы, өз табиғаты бойынша жалған капиталдың түрі болып табылатын бағалы қағаздар болуы мүмкін. Мұндай құралдарды инвестициялау мақсаты өзіндік құнды арттыру немесе тәуекелдерді хеджирлеу болып табылады.

Мерзімді келісім-шарттардың түріне байланысты туынды құралдар екі топқа бөлінеді:

- сатып алу-сату мәмілелеріне, яғни активтің жабдықталуына негізделетін келісім-шарттар – фьючерстер;

- айырбастау (алмасу) мәмілесіне негізделетін келісім-шарттар, мысалы, своптар.

Өз кезегінде жабдықтауға бағытталған туынды құралдар *стандартты* (биржалық) және *стандартты емес* (биржалық емес) болуы мүмкін. Жабдықтауға бағытталған *стандартты емес* (биржалық емес) келісім-шарттарға форвардтық келісім-шарттар және биржалық емес опциондар жатады.

*Стандартты және стандартты емес құралдар* мәміле бойынша міндеттердің сипатына байланысты биржалық сауданың белгіленген ережелеріне сәйкес айналыста болатын нақты және шартты болып бөлінеді. Фьючерстік келісім-шарттар жабдықтауға бағытталған нақты келісім-шарттарға жатады, мұнда мәміленің екі тарабы да келісім-шарттың барлық шарттарын орындауға міндетті.

*Опциондар* – шартты құралдар, бұл жағдайда келісім-шарттың бір тарабы мәміле талаптарын орындау немесе орындамауды таңдау құқығына ие болады.

Туынды құралдың активі ретінде нақты активтің өзі емес, мысалы тауар немесе акция емес, тек оның әрқашан өзгеретін бағасы қарастырылады.

Сонымен қатар, туынды құралдар жеткізілетін және жеткізілмейтін болып бөлінеді. Жеткізілетін келісім-шарттар сатып алушыға белгіленген баға бойынша, белгіленген мерзімде және келісілген мөлшерде тауардың нақты жеткізілуін білдіреді. Жеткізілмейтін келісім-шарттың негізінде келісім-шарт бойынша актив бағасы мен мысалы, споттық нарықтағы актив бағасының айырмасының есебі болып табылады. Соңғы жағдайда келісім-шартты сатып алушы осы бағалардың арасындағы айырманы алады немесе теріс тренд анықталған жағдайда ол айырманы сатушыға төлейді.

Туынды бағалы қағаздарды тіркелудің, орналастырудың және айналысқа жіберудің негізгі мәселелері қор нарығы сияқты нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Отандық биржа нарығында, мысалы, Қазақстан қор биржасында – фьючерстер АҚШ доллары/теңге бағамына және Еуразиялық сауда жүйесінде – фьючерстер бидайға сияқты қандай да бір құрал айналыста болатын биржаның ережелері мен жағдайлары қосымша қолданылады.

Қаржы нарығының бұл сегментінің толыққанды нарықтық қатынастарды құру кезіндегі маңыздылығына қарамастан, қазақстандық субъектілер оның артықшылықтарын пайдаланбайды. Отандық деривативтер нарығындағы қатысушылардың белсенділігі нөлге жақын деуге болады. Сонымен қатар, бұл нарықтың даму әлеуеті бар және қор, тауар нарықтарының өсімімен шартталған болашақтағы туынды қаржылық құралдар рөлінің жоғарылауы туралы тұжырым жасауға болады. Қазіргі уақытта экономика субъектілері өз тәуекелдерін хеджирлеу қажеттілігі туындаған жағдайда шетел нарықтарында айналыста болатын туынды құралдарды пайдаланады.

Фьючерстер айналысының ерекшеліктерін қарастырайық. Фьючерстік келісім-шарт, форвардтық келісім-шарт сияқты нақты мәмілелер сыныбына жатқызылатын мерзімді келісім-шарт болып табылады.

Алайда, соңғымен салыстырғанда фьючерстік келісім-шарт толығымен стандартталған, яғни оның бағадан басқа барлық параметрлері алдын ала белгілі болады және мәміле тараптарының еркіне және қалауына тәуелді болмайды.

Оны орындаудың кепілгері биржаның өзі, нақтырақ айтсақ, көп жағдайларда клирингтік ұйым (палата) деп аталатын биржалық саудаға қызмет көрсететін есептік ұйым болып табылады. Сатып алушының шарттарымен фьючерстік келісім-шартқа тұруды келісім-шартты «сатып алу», ал сатушының шарттарымен келісім-шарт жасасуды – келісім-шартты «сату» деп атайды. Келісім-шарт бойынша (сатып алушының немесе сатушының шарттарында) міндеттерді қабылдау «позицияның ашылуы» деп аталады. Бұл келісім-шарт бойынша кері мәміле жасасу жолымен міндеттерді өтеу «позицияның жабылуы» деп аталады. Позицияның ашылуы кезінде келісім-шарттың иесі алғашқы маржаны немесе келісім-шарт құнының бірнеше проценті мөлшерінде жарна төлейді, ол позицияның өтелуі кезінде есепке алынады (өзіне қайтарылады). Егер позиция келесі күнге қалдырылса (ауыстырылса, яғни «ашық» қалдырылса), ол бойынша айнымалы (вариациялық) маржа есептеледі, ол белгілі бір мақсаттар бойынша бұл келісім-шарттың нарықтық бағаларының айырмасы немесе осы күнгі және алдыңғы күндегі есептік бағалардың айырмашылығы болып табылады. Бағаның өсуі жағдайында бұл айырманы сатушы ашық позициялар бойынша төлейді, ал ашық позицияларды сатып алушы-иеленушілер пайда көреді. Бағалардың төмендеуі жағдайында – керісінше болады.

Фьючерс ұйымдастырылған нарықта ғана айналыста жүретін туынды қаржылық құралдардың ең кең таралған түрлерінің бірі болып табылады.

Фьючерстік келісім-шартқа тұру кезінде сатып алушы мен сатушы белгіленген уақыт аралығы өткен соң ұйымдастырылған нарықтағы белгіленген стандартты талаптарға сәйкес базалық активті сатып алуға немесе сәйкесінше сатуға міндеттерді қабылдайды.

Фьючерс бойынша актив ретінде бағалы қағаздар, валюталар, проценттік ставкалар, тауарлар (алтын, мұнай, бидай) және қор индекстері қарастырылады. Халықаралық тәжірибеде фьючерстік келісім-шарттар екі сыныпқа бөлінеді: тауарлық фьючерстер және қаржылық фьючерстер.

1. Тауарлық фьючерстердің негізіне келесі активтер есепке алынады:

- ауыл шаруашылығының шикізаты және жартылай фабрикаттар, мысалы, астық, мал, ет, өсімдік майы;
- орман және ағаш материалдары;
- түсті және бағалы металдар, мысалы, алюминий, мыс, қорғасын, мырыш, никель, қалайы, алтын, күміс, платина, палладий;
- мұнай-газ шикізаты, мысалы, мұнай, газ, жанар-жағармай, мазут.

Төменде бидайды жеткізілетін тауарлық фьючерсті қолданудың оңайлатылған мысалы келтірілген.

## **2-мысал:**

*Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші бидайдан жақсы егін алуды жоспарлады делік, бірақ оның сақтау орнының сыйымдылығы күтілетін егінді жинау көлемінің тек жартысын ғана сақтауға мүмкіндік береді. Бұл ұйымның егінді жинау аралығында жылдам сатып алушыны табуға тиіс екендігін немесе 2 000 тонна астықты – оның сақтау орнында сыймаған бөлігін жиналған бидайды коммерциялық сақтауға жүгінуге, яғни жалдауға тиіс екендігін білдіреді. Сонымен қатар егінді жинау кезінде нарықтағы бидайға сұраныс көлемі ұсыныс көлемінен төмен болуы мүмкін және сатып алушыны табу мәселесі туындауы мүмкін.*

*Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші бидайды 1 тоннаға 200 АҚШ доллары бағасына сатқысы келеді, бұл ағымдағы нарықтық бағаға сәйкес келеді. Алайда коммерциялық сақтауды қолдану кезінде күтілетін 1 тоннаға 200 доллардың 10 доллары ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің шығындарына жатқызылып, нәтижесінде бұл шығын  $10 * 2000 = 20\ 000$  долларды құрайды.*

Бұл жағдайды талдай отырып, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші жаздың басында өз тәуекелдерін хеджирлеуге шешім қабылдайды және 2020 ж. маусымында тауарлық биржада егінді жинау кезеңінде бидайды жеткізуге бағытталған (2018 ж. қазанда жеткізу туралы) фьючерстік келісім-шартқа тұрады. Келісім-шарттар саны сақтау орнына сыймай қалған астық көлеміне – 2 000 тонна бидайға сәйкес келеді. Бір келісім-шарттың құны 1 тоннаға 197 долларды құрайды. Осылайша, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің болжамдалған түсімдерінің толық түспеуінің шығыны 20 000 доллардың орнына сақтау кезінде  $(200 - 197) * 2\ 000 = 3\ 000$  долларды құрайды.

Келісім-шартты орындау мерзімі келген кезде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші астықты белгіленген жеткізу талаптарына сәйкес тиіс жөнелтеді.

Басқа жағынан қарағанда, 2020 жылы қазанда астық бағасының төмендеуі жағдайында өндіруші нарықтық тәуекелдерді азайту мүмкіндігін алады. Мысалы, қазанда бидай бағасы 1 тоннаға 190 долларға төмендесе, жеткізуші  $(197 - 190) * 2000 = 14\ 000$  доллар қосымша пайда табушы еді.

Бидай жеткізілмейтін тауарлық фьючерсті қолданудың мысалын қарастырайық.

### **3-мысал:**

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші 3 000 тоннадан жоғары көлемде бидайдан егін жинауды жоспарлап отыр делік. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші егінді жинау кезеңінде бағаның 2020 ж. маусымда 205 доллардан 190-195 долларға (2020 ж. қазанда) төмендейтінін біледі. Бұл жағдайды талдай отырып, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші жаздың басында өз тәуекелдерін хеджирлеуге шешім қабылдайды және 2020ж. маусымында тауарлық биржада жалпы көлемі 3 000 тонна бидайды 203 доллар бағасы бойынша жеткізілмейтін бес айлық фьючерстік келісім-шартқа тұрады. 2020 жылы қазанда бидайдың 1 тоннасына баға 193 долларға дейін төмендеді, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші өз сатып алушысына бидайдың барлық көлемін бір тоннаға 193 доллар бағасымен сатады.

*Бірақ тауарлық биржада фьючерстік келісім-шарттар бойынша мерзімнің аяқталуы орын алып, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші фьючерс бойынша бидай бағасы мен споттық нарықта қалыптасқан бидайдың ағымдағы нарықтық құны арасындағы айырманы алады. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіге астықты сатып алушыға сату кезінде жоғалтылған пайданы жабуды қамтамасыз ететін фьючерс бойынша төлем  $(203 - 193) * 3000 = 30\ 000$  долларды құрады.*

2. Қаржылық фьючерстер төрт негізгі топқа жіктеледі: валюталық, қор, проценттік және индекстік.

Валюталық фьючерстердің негізінде валюталардың айырбас бағамы есепке алынады (мысалы, АҚШ доллары/теңге, еуро/АҚШ доллары).

#### **4-мысал:**

*Компания бір айдан кейін тапсырыс берушіден құрал-жабдықты жабдықтау үшін теңгедегі төлемді алуды жоспарлайды. Бұл құрал-жабдық шетелден сатып алынған және төлем екі айдың ішінде 100 000 доллар көлемінде жасалуы қажет. Ағымдағы бағам 1 долларға 145,5 теңгені құрайды.*

*Компанияның қаржылық талдаушылары нарық конъюнктурасының талдауына сүйеніп, бір айдан кейінгі бағамның 1 долларға 146 теңгеге жоғарылауын болжап отыр. Бұл жағдайда бағамдық айырма бойынша болжанған жоғалтулар 50 000 теңгені құрайды  $[(146 - 145,5) * 100\ 000]$ .*

*Басқа жағынан алғанда, ағымдағы кезеңде биржада мамандандырылған брокер арқылы валюталық фьючерсті 1 айдан кейін 145,6 бағамы бойынша жеткізуімен 100 000 долларға сатып алу мүмкіндігі туындайды. Биржалық сауданың ерекшеліктерін ескерсек, сатып алу сәтіндегі фьючерс құнының толық сомасын – алғашқы белгіленген маржа бойынша базалық активтің құнынан процентті түріндегі ішінара төлемді енгізу талап етілмейді.*

*1 айдан кейін компания талдаушыларының болжамдары орындалды және ағымдағы валюталық бағам 1 долларға 146,1 теңгеге дейін жоғарылады. Сонымен бірге 100 000 долларға жеткізілетін фьючерстік келісім-шарттарды орындау бағасы*



*145,6 теңгені құрады, бұл компанияға 60 000 теңгені үнемдеуге мүмкіндік берді ( $100\ 000 * (146,1 - 145,6)$ ).*

Қор фьючерстері – бұл акциялардың кейбір түрлерін сатып алу-сатудың фьючерстік келісім-шарттары.

Проценттік фьючерстер – бұл проценттік ставкалар өзгерісінің (қысқа мерзімді проценттік фьючерстер) және ұзақ мерзімді облигацияларды сатып алу-сатудың (ұзақ мерзімді фьючерстер) фьючерстік келісім-шарттары.

Индекстік фьючерстер – бұл қор нарығының индекстік шамаларының өзгерісінің фьючерстік келісім-шарттары.

Халықаралық тәжірибеде қандай да бір туынды бағалы қағаздарды пайдалану тек тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында ғана жүзеге асырылмайды. Әлемдік мерзімді келісім-шарттардың нарығындағы жұмыстар уақытша бос құралдардың салымынан қосымша пайда табуға мүмкіндік береді.

Биржадағы келісім-шарттар сауданы және есептеулерді жүргізуге ыңғайлы болуы үшін стандартталған. Мерзімді нарықтарда инвестициялау және қосымша кіріс алу қағидаларын зерттеу үшін рубль бағамының долларға бағытталған жеткізілмейтін фьючерсі бойынша және алтынға жеткізілмейтін фьючерс бойынша сауданың ұйымдастырылу мысалын қарастырайық.

Бірақ инвестициялаудың бұл түрі шығын келтіру тәуекелімен тоғысатынын байланысты екенін естен шығармау керек.

### **5-мысал:**

*Биржада келесі алты ай бойынша саудалар ашылды делік. Бұл мерзімді келісім-шарттың базалық активі 1000 доллар болып табылады. Баға рубльдің долларға бағамында көрсетілген. Биржадағы келісім-шарттың белгілі бір жабылу (орындалу) күні бар – ол сауда жүйесінде бұл келісім-шарт ашылған айдың соңғы жұмасы болуы мүмкін. 2020 ж. 1 қаңтарда биржада қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр және маусым келісім-шарттары ашылды.*

*Мерзімді келісім-шарттардың саудасы биржалық сессиялар шегінде жұмыс күндері бойынша күн сайын жүргізіледі.*

*Келісім-шарт орындалатын соңғы есептік баға соңғы бес негізгі таңғы сессиялардағы келісім-шарттың жабылу күніне дейін, жабылу күнін қоса алғанда доллар бойынша рубльдің долларға орташа бағамы болып табылады. Жеке кәсіпкерде пайда табу мақсатында фьючерстік келісім-шарттармен операцияларды жүзеге асыру жоспарланып отырған бос ақша қаражаттары бар.*

*Кәсіпкер нарықты талдаған соң, мамырда валюталық бағам төмендеуі тиіс деп ойлайды және осы себептен брокерлік ұйым арқылы сауда жүйесінде 1 000 долларды 1 долларға 30 рубль бағасы бойынша сатуға бағытталған бір мамыр келісім-шартына мәміле жасасады.*

*Егер мерзімді келісім-шарт жеткізілетін болғанда, онда ол келісім-шартты орындау күнінде (мамырдың соңғы жұмасында) сатушы (кәсіпкер) сатып алушыға 1 000 долларды сатуға, ал сатып алушы сатушыға – 30 000 рубльді беруге міндетті болу керектігін білдіруші еді. Бірақ келісім-шарт жеткізілмейтін болғандықтан, мәміле қатысушылары арасында келісім-шарттың орындалу күнінде есептеулер рубльде екі бағаның: келісім-шарт жасалынған баға (30 рубль) және соңғы есептік баға (мысалы, мамырдағы соңғы бес күндегі биржадағы орташа бағам) айырмасы бойынша жүзеге асырылады.*

*Соңғы аталған сома вариациялық маржа деп аталады. Мамырдағы соңғы бес күндегі биржадағы орташа бағам бір долларға 26 рубльді құрады делік, онда вариациялық маржаны кәсіпкер 4000 рубль мөлшерінде пайда түрінде алады ( $[30 - 26] * 1\ 000$ ). Болжамдар ақталмаған немесе валюталық бағамға әсер еткен қандай да бір нарықтағы оқиғалар бір доллардың 33 рубльге жоғарылауына алып келсе, кәсіпкер оның орындалу күнінде 3 000 рубль мөлшерінде ( $[33 - 30] * 1\ 000$ ) вариациялық маржаны биржаға аударуы тиіс, ал биржа бұл соманы сатып алушыға – мәміленің екінші жағына аударады. 1 доллардың 33 рубль бағамы кезінде кәсіпкер шығынға ұшырады.*

### **6-мысал:**

*Кәсіпкер 3 000 доллар мөлшерінде тапқан бос ақшаларын алтын нарығында – алтынның жеткізілмейтін фьючерстеріне орналастыра отырып, өзін 6 ай аралығындағы инфляция өсімінен сақтандырғысы келді.*

*Биржада алтынға бағытталған алты айлық фьючерстердің саудасы ашылды. Кәсіпкер нарықты талдаған соң, 6 айдың ішінде доллармен көрсетілген алтынның бағасы инфляцияның өсуінен жоғарылайды деп болжайды. Ол 1 тройлық унцияға 1 500 доллар бағасы бойынша 2 фьючерстік келісім-шарттарды жалпы сомасы 3 000 долларға сатып алады ( $2 * 1500$ ).*

*Алты айдан кейін кәсіпкердің болжамдары орындалады және алтынның долларға қатысты бағасы 1 тройлық унцияға 1 545 долларға дейін өседі. Келісім-шарттарды орындау күнінде екі бағаның: келісім-шарт жасалған бағаның (1 500 доллар) және соңғы есептік бағаның (1 545) айырмасы бойынша доллардағы есептеулер жүзеге асырылады. Есептеулердің қорытындысы бойынша кәсіпкер 90 доллар мөлшеріндегі ( $[1 545 - 1 500] * 2$ ) вариациялық маржаны алады, бұл оның инфляциялық күтімдерін жабуға мүмкіндік береді.*

Фьючерстік келісім-шарттар саудасының нәтижесі бойынша биржада күн сайын әрбір келісім-шарт бойынша сауданың орташа бағамы есептеледі. Сауда қатысушыларымен жасалған барлық келісім-шарттар орташа бағамның мәліметтері бойынша бағаланады – олар бұл күндегі келісім-шарттар үшін есептік баға болып табылады.

Пайда табу нарық қозғалысының болжамдарына және қандай да бір оқиғаларды – базалық активтің құнына әсер ете алатын есептік ставканың жоғарылауына, алтын-валюталық резервтердің өсуіне, экспорт үлесінің артуына, соғыс қимылдары факторларын болжамдау мүмкіндігіне негізделеді. Биржа нарығында сауда қатысушыларының позицияларын есептеу күн сайын жүргізілетінін білу маңызды, осылайша әрбір сауда күнінің соңында позициялар бойынша пайданы алу және шығынды есептен шығару орын алады.

Опцион – бір тарап (опционды сатушы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта базалық активті келісілген баға және шарттар бойынша сату немесе сатып алу құқығын сататын туынды қаржылық құрал. Опционды сатушы өзіне міндетті алады, ал сатып алушы құқықтарға ие болады. Опционды сатушы сатып алушыға опционды сыйақыға сатады. Опционның келісілген шарттары деп келесі міндетті шарттардың келісімі түсіндіріледі: базалық актив түрі, базалық активтің жалпы бағасы, базалық актив құны, опцион сыйақысы, опцион мерзімі (опционның әрекет ету мерзімі), опцион түрі. Опцион опционды сатып алушы ол иеленуге мүмкіндік алған құқықты жүзеге асырған жағдайда орындалды деп есептеледі.

Әлемдік тәжірибеде активті сату құқығын беретін опцион сатуға бағытталған опцион – опцион пут (пут) деп аталады. Активті сатып алуға құқық беретін опционды сатып алуға бағытталған опцион – опцион колл деп аталады.

Опционның негізінде жатқан активтің әрқашанда екі бағасы болады: ағымдағы нарықтық баға немесе спот баға және опцион орындалуы мүмкін бекітілген опционның орындалу бағасы. Опционның өзінің құны опционның негізінде жатқан активтің бағасы емес, оның сыйақысы болып табылады. Опционның экспирация күнімен, яғни әрекет ету мерзімінің аяқталу күнімен шектелген әрекет ету мерзімі болады. Опционды орындау күніне байланысты ол американдық опцион, немесе еуропалық опцион болуы мүмкін. Американдық опцион экспирация күнімен бірге кез келген уақытта орындалуы мүмкін. Еуропалық опцион тек келісім-шарттың аяқталу күнінде орындалуы қажет, яғни оны орындау және аяқталу уақыты бір күн болуы тиіс, ал американдық опционда бұл күндер әр түрлі бола береді.

Опциондар биржалық және биржалық емес болып бөлінеді. Биржалық опциондық келісім-шарттар тек биржада жасалады және әрекет ету механизмі бойынша олар толығымен фьючерстік келісім-шарттарға ұқсас болып келеді.

Биржалық опциондар толығымен стандартталған, олар кері мәмілемен жабылуы мүмкін және оларды орындауға кепілдік берудің маржалық механизмі болады (тек опционда ғана маржаны көп жағдайда опционды сатушы төлейді).

Биржалық опциондар, фьючерстік келісім-шарттар сияқты, негізінен қысқа мерзімді сипатта болады, яғни олардың әрекет ету мерзімі бір жылдан асатын жағдайлар өте сирек кездеседі, ал олардың ең кең таралған әрекет ету мерзімі үш айлық кезең болып табылады. Биржалық опциондар фьючерстік келісім-шарт сияқты келесі активтерге жасалады: тауарлар, валюта, проценттік ставка, индекстер. Сонымен қатар тәжірибеде фьючерстік келісім-шарттарға бағытталған биржалық опциондар қолданылады. Биржалық емес опциондар, биржалық сияқты қаржылық-бағалық тәуекелдерді хеджирлеу үшін қолданылады, бұдан бөлек алып-сатарлық мақсаттарда да қолданылуы мүмкін.

#### **7-мысал:**

*Компания бір айдан кейін тапсырыс берушіден құрал-жабдықты жеткізу үшін долларда төлемді алуды жоспарлайды. Құрал-жабдық Еуропада сатып алынған және төлем 100 000 еуро мөлшерінде жасалуы тиіс. Ағымдағы бағам 1 еуроға 1,43 долларды құрайды. Компанияның қаржылық талдаушылары нарық конъюнктурасының талдауына сүйеніп, бір айдан кейінгі бағамның 1 еуроға 1,47 долларға жоғарылауын болжап отыр, алайда валюталық бағам 1 еуроға 1,40 долларға дейін төмендеуі туралы күмән бар. Бұл жағдайда алдын ала келісілген бағам бойынша, мысалы 1 еуроға 1,44 долларға еуроны сатып алу құқығымен биржалық опцион жасасу мүмкіндігі пайда болады.*

*Валюталық бағамның 1 еуроға 1,44 долларға дейін жоғарылуы кезінде компания 1 еуроға 1,44 доллар бойынша опционды орындауға өз құқықтарын растайды, осылайша 2 000 долларды үнемдейді ( $100\ 000 * (1,46 - 1,44)$ ).*

*Егер валюталық бағам 1 еуроға 1,41 долларға дейін төмендейтін болса, компания сатушыға сыйақыны төлей отырып, опционды орындаудан бас тартуына болады.*

Әлемдік нарықта жүзеге асырылу формасы бойынша опционның екі түрін бөледі:

- оның негізінде жатқан бағалы қағаздың немесе тауардың физикалық жеткізілуімен;

- спот шарттарында қолма-қол есеп айырысумен.

Физикалық жеткізілу опционы иеленушісіне опционды орындау кезінде келісілген бағада базистік активтің келісілген санын сатып алуға (колл-опцион) немесе сатуға (пут-опцион) құқық береді.

Спот шарттарында қолма-қол есеп айырысу опционы оның иеленушісіне опцион бойынша міндеттерді орындау сәтіндегі нақты тауар нарығындағы базистік актив бағасы мен опционды орындау бағасы арасындағы айырма түрінде төлем алуға құқық береді. Бұл жерде қолма-қол есеп айырысудың колл-опционы (сатып алу опционы) оның иеленушісіне базистік актив құны мен нақты тауар нарығындағы активті жеткізу кезіндегі құн опционды орындау бағасынан жоғары болғандағы опционды орындау бағасы арасындағы айырманы алуға құқық береді.

Мұндай операция кезінде алынатын пайда келесі формула (3) бойынша есептеледі:

$$D_{\text{колл}} = P_{\text{н.к.}} - P_{\text{о.б.}} \quad (3)$$

мұндағы,  $D_{\text{колл}}$  – қолма-қол есеп айырысудың колл-опционының оң айырмасы;

$P_{\text{н.к.}}$  – опционды орындаудың нақты құны;

$P_{\text{о.б.}}$  – опционды орындаудың келісілген бағасы.

### **8-мысал:**

*Мұнайды импорттаумен айналысатын компания ОПЕК-ке мүше елдердің мұнай өндіру көлемін төмендету бойынша болжамға сәйкес 1 айдан кейін 1 баррельге мұнай бағасының өсетінін болжап отыр. Сонымен қатар, баға бұрынғы деңгейде қалады деген күмән бар. Компания бағалық тәуекелді хеджирлеу үшін 1 баррельге 55 доллар бағасымен мұнайға бағытталған 1 000 жеткізілмейтін колл опционды сатып алуға шешім қабылады (1 000 баррель мұнай компанияның айлық тұтыну көлемін құрайды).*

*Опциондар биржалық тауар нарығында брокер арқылы сатып алынды. Бір айдан кейінгі споттық нарықтағы опционды орындау сәтіндегі ағымдағы құны 1 баррельге 55 АҚШ долларын құрады.*

*Бір опцион бойынша пайда  $D_{\text{колл}} = 55 - 50 = 5$  долларды құрады. 1 000 опцион бойынша 5 000 доллар жалпы пайда компанияның шотына түсті, бұл мұнай бағасының өсуімен байланысты теріс үрдістерді жабуға мүмкіндік берді. Осыдан соң компания ағымдағы баға бойынша (1 баррельге 55 доллар) 1 000 баррельді сатып алды және бағалық тәуекелді хеджирлеу есебінен қосымша шығындарды жапты.*

Опцион пут (сату опционы) нақты тауар нарығында базалық активті сату құны опционды орындау құнынан төмен болған кезде пайда алуға құқық береді. Бұл жағдайда пайда келесі формула (4) бойынша есептеледі:

$$D_{\text{пут}} = P_{\text{о.б}} - P_{\text{н.к.}}, \quad (4)$$

мұндағы,  $D_{\text{пут}}$  – қолма-қол есеп айырысудың пут-опционының оң айырмасы;

$P_{\text{о.б.}}$  – опционды орындаудың келісілген бағасы;

$P_{\text{н.к.}}$  – опционның нақты құны.

### **9-мысал:**

*Мұнай өндіру саласында жұмыс істейтін компания ай сайын 1 000 баррель көлемінде мұнай экспортын жүзеге асырады. Әлемдік нарықтағы ОПЕК-ке мүше елдердің мұнай өндіру көлемін арттыру бойынша болжамға сәйкес ағымдағы жылдың маусым-тамыз аралығында 1 айдан кейін 1 баррельге мұнай бағасының төмендейтіні болжанады.*

*Сонымен қатар, баға бұрынғы – экспорттаушы-компанияға қолайлы деңгейде сақталуы мүмкін деген күмән бар.*

*Компания бағалық тәуекелді хеджирлеу үшін 1 баррельге 54 доллар бағасымен 1 000 опционды – маусымда, 1 000 опционды – шілдеде, 1 000 опционды – тамызда жеткізу мерзімі бойынша мұнайға бағытталған пут опционды сатып алуға шешім қабылдайды.*

*Спот нарығындағы опционды орындау сәтіндегі ағымдағы құны маусымда – 1 баррельге 50 долларды, шілдеде – 1 баррельге 49 долларды, тамызда – 1 баррельге 55 долларды құрады.*

*Маусымдағы опцион бойынша пайда  $D_{\text{сут}} = 54 - 50 = 4$  долларды құрады.*

*Шілдедегі опцион бойынша пайда  $D_{\text{сут}} = 54 - 49 = 5$  долларды құрады.*

*Тамыздағы опцион бойынша компания белгілі бір сыйақы төлей отырып, опционды орындамау құқығын пайдаланды.*

*Осылайша, 2 000 опцион (маусымдық және шілделік келісім-шарттар) бойынша жалпы түсімдер 9 000 долларды ( $4 * 1000 + 5 * 1000$ ) құрады, осының есебінен сатылатын өнімнің төмен құнымен байланысты жоғалтулар өтелді.*

Базистік активтің сипаты бойынша опциондар келесідей жіктеледі:

- бағалы қағаздарға бағытталған опциондық келісім-шарттар;
- индекстерге бағытталған опциондар;
- борыштық опциондар;
- шетелдік валюталарға бағытталған опциондар;
- құрылымы икемді опциондар.

Бағалы қағаздарға немесе қор опциондарына бағытталған опциондық келісім-шарттардың базистік активі тек акциялар ғана емес, қаржылық құралдардың басқа да түрлері (мысалы депозитарлық қолхат) болып табылады.

Борыштық опциондардың екі түрін бөліп көрсетуге болады. Орындау бағасын анықтау тәсіліне байланысты, бұл опциондар бағалық опциондар және табыстылыққа бағытталған опциондар деп аталады. Борыштық опциондар сатып алушыларға олардың негізінде жатқан нақты борыштық құралдарды сатып алу-сатуға немесе сәйкесінше қолма-қол есеп айырысуды алуға құқық береді.

Бағалық опционның негізі қаржылық базистік активтің бағасы болып табылады. Табыстылыққа бағытталған опционның негізі қаржылық базистік активті қамтамасыз ететін табыстылық болып табылады.



Шетел валюталарына бағытталған опциондар немесе валюталық опциондар басқа мемлекеттің валютасында көрсетілген баға бойынша екінші бір валютаны сатып алуға және сатуға құқық береді.

Құрылымы икемді опциондар Опциондық клирингтік компаниямен шығарылады және АҚШ опциондық нарығында айналыста болады. Икемді опциондардың басқа мерзімді келісім-шарттардан негізгі айырмашылығы оларды орындаудың барлық шарттарының стандартталмауында болып табылады. Ашылатын мәміледе опционды сатып алу-сату кезінде тараптар өзгертілетін деп аталатын опционды орындау шарттарын өзгерту мүмкіндігіне ие болады. Алайда бұл өзгертулер нарықта белгіленген ережелерге сәйкес келуі қажет.

Своп – бұл құралдың шегінде болашақта келісілген шарттарда базалық активтер бойынша төлемдерді немесе базалық активтерді айырбастау туралы тараптар келісетін дериватив болып табылады. Своп-келісім-шарттар көп жағдайда делдал-банктер арқылы жасалады.

Своп өз әрекет ету мерзімі бойында жалғыз айырбастан немесе белгілі бір уақыт аралықтарындағы айырбастар және төлемдердің сериясынан тұруы мүмкін. Своп–келісім-шарт жасалатын базистік активтің (немесе активтің) түріне байланысты своптардың проценттік, валюталық, тауарлық, индекстік және басқа да түрлері болады.

### **10-мысал:**

*А компаниясымен банктен жылдық 5% тұрақты проценттік ставкасымен несие алынған. Б компаниясында LIBOR-ға (LIBOR – лондондық банкаралық несиелік проценттік ставка) байланған құбылмалы проценттік ставка бойынша облигациялық қарыз бар. Компаниялардың несиелік міндеттемелерінің көлемі бірдей.*

*А компаниясының ағымдағы қызметінен ақша түсімдері әлемдік нарықтағы LIBOR тербелістерін ескере отырып жүзеге асырылады (мысалы, тауар өндірушілерді микронесиелеу қызмет саласы бойынша ставка LIBOR + 10).*

Өз кезегінде Б компаниясының түсімдері тұрақты, себебі компания өндіріс саласында қызмет жасайды және оның тапсырыс берушілерден төлемді алу жүйесі жақсы жұмыс істейді.

А компаниясы және Б компаниясы делдал-банк арқылы қаржылық ағындардың тиімділігін жоғарылату мақсатында проценттік төлемдердің (бірақ номиналдың емес) айырбасына бағытталған проценттік своп жасасады және ағымдағы қызметтен түсімдер мен қарыздар бойынша төлемдер арасында үзіліс тәуекелінсіз ақша түсімдері мен тартылған құралдардың төлемін болжамдауға мүмкіндік беретін ай сайынғы своптық транзакцияларды жүзеге асырады.

### **II-мысал:**

А елінің компаниясы Еуропаға тауарды жабдықытайды, сол себепті бұл тауар бойынша төлемдер еуроға жүзеге асырылады (орташа алғанда айына 100 000 еуро). Алайда компанияның еңбек ақы, салықтар, шикізат және материалдар бойынша есеп айырысулары ұлттық валютада жүзеге асырылады. Өз кезегінде Банк еуропалық банк алдындағы қарызды өтейді (айына 100 000 еуро), ал банктің айналымы мен кірістері ұлттық валютада көрінеді. Екі қатысушының да валютаны айырбастауды жүргізу үшін айтарлықтай сомасы шығындалады.

Сондықтан банк пен компания бір жыл ішінде өз міндеттемелерін өтеу үшін әр бір жақ қолданатын валютада төлемдерді бір-біріне төлеуіне мүмкіндік беретін валюталық своп жасасады.

Форвард – сатып алушысы (немесе сатушысы) болашақта келісілген шарттарда базалық активті сатып алуға (немесе сатуға) міндетті өзіне алатын туынды қаржылық құрал. Форвард ұйымдастырылмаған нарықта жасалады. Форвардтық келісім-шарттың барлық шарттары мәміле тараптарымен оны жасау сәтінде келісіледі.

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. Туынды қаржылық құралдар нарығы қандай міндеттер мен функцияларды атқарады?
2. Туынды қаржылық құралдар мен бағалы қағаздар арасындағы айырмашылығы неде?
3. Деривативтердің биржалық және биржадан тыс саудасы арасындағы айырмашылығы неде?
4. Тәуекелдерді хеджирлеуде деривативтер қалай қолданылады?
5. Туынды қаржылық құралдар қандай биржаларда айналыста болады?
6. Деривативтерде қандай базалық активтер қолданылады?
7. Жеткізілетін және жеткізілмейтін деривативтердің орындалуында қандай айырмашылықтар бар?

## 1.5 практикалық бөлім

### 1-тапсырма.

Инвестор номиналы АҚШ долларында көрсетілген – яғни ұзын позицияны алатын А компаниясының акцияларын иеленеді. Акциялардың құнының төмендеуі бойынша өз тәуекелдерін хеджирлеу үшін ол төменде көрсетілген туынды қаржылық құралдарды таңдап, қысқа позиция алуды жоспарлайды. Инвестордың қандай құралдарды таңдайтынын анықтаңыз. Жауабыңызды негіздеңіз.

а) А компаниясының акцияларын сатып алуға бағытталған фьючерс;

ә) А компаниясының акцияларын сатуға бағытталған фьючерс;

б) А компаниясының акцияларын сатып алуға бағытталған опцион;

в) А компаниясының акцияларын сатуға бағытталған опцион;

г) А компаниясының акцияларын сатып алуға бағытталған опцион;

ғ) АҚШ долларының бағамына бағытталған своп;

д) АҚШ долларын сатып алуға бағытталған фьючерс.

### 2-тапсырма.

Деривативтер нарығындағы ойыншыларды анықтаңыз:

Ойыншылар	Сипаттама
1. Хеджер	А. Спот және деривативтер нарықтарындағы активтердің бағасының айырмасына ойнайды
2. Алып-сатар	Б. Өз активтері бойынша бағаның болашақ өзгеру тәуекелдерін азайтуға тырысады
3. Арбитражер	В. Барынша көп пайда табу мақсатында әр түрлі келісім-шарттарды пайдаланады

### **3-тапсырма.**

Инвестор келесі шарттарды ескеріп, фьючерстер бойынша мәмілеге отырды:

*2020 жылдың 03 ақпаны*

1. Инвестор АҚШ доллары/еуро бағамына бағытталған 10 фьючерсті сатып алды. Бір фьючерстегі базалық активтің саны 100 АҚШ долларын құрады.

2. Фьючерсті сатып алу кезіндегі АҚШ доллары/еуро бағамы 1,1-ге тең болды.

3. Позицияны ашу үшін алғашқы маржа фьючерстің базалық активінің бағасынан 15%-ті құрады.

*2020 жылдың 04 ақпаны*

4. Келесі сауда күнінде АҚШ доллары/еуро бағамы – 1,15-ті құрады.

*2020 жылдың 05 ақпаны*

5. Фьючерстік келісім-шарттар 1,12 АҚШ доллары/еуро бағамы бойынша жабылды.

Есептеулерді жүргізіңіз және төмендегі кестені толтырыңыз:

<b>Атауы</b>	<b>Сома, АҚШ доллары</b>	<b>Негіздеме/ түсіндірме</b>
10 келісім-шарт бойынша базалық активтің жалпы құны		
Позицияны ашуға алғашқы маржа		
2020 жылдың 04 ақпанындағы инвестордың кірісі/шығысы		
2020 жылдың 04 ақпанындағы пайданы есепке алудан/шығынды есептен шығарудан кейінгі инвестордың шотындағы жалпы сома		
2020 жылдың 05 ақпанындағы инвестордың пайдасы/шығыны		
Үш күндегі инвестордың жалпы пайдасы/жалпы шығыны		
2020 жылдың 05 ақпанындағы пайданы есепке алудан/шығынды есептен шығарудан кейінгі инвестордың шотындағы жалпы сома		

#### **4-тапсырма.**

Төмендегі кестені толтырып, деривативтерге инвестиция салудың салыстырмалы талдауын жасаңыз:

	<b>Фьючерс</b>	<b>Опцион</b>	<b>Своп</b>
Артықшылықтары	1. 2. 3.	1. 2. 3.	1. 2. 3.
Кемшіліктері	1. 2. 3.	1. 2. 3.	1. 2. 3.

#### **5-тапсырма.**

Инвестор келесі шарттарды ескеріп, фьючерстер бойынша мәмілеге отырды:

*2020 жылдың 03 ақпаны*

1. Инвестор акциялар бағамына бағытталған 10 фьючерсті сатып алды. Бір фьючерстегі базалық активтің саны 10 акцияны құрады.

2. Фьючерсті сатып алу кезіндегі акциялар бағамының бір данасы 550 АҚШ долларына тең болды.

3. Позицияны ашу үшін алғашқы маржа фьючерстің базалық активінің бағасынан 10%-ті құрады.

*2020 жылдың 04 ақпаны*

4. Келесі сауда күнінде акциялар бағамының бір данасы 530 АҚШ долларын құрады.

5. Қолданылатын маржа – ағымдағы сауда күні бойынша алғашқы маржа деңгейінің 90%-і.

*2020 жылдың 05 ақпаны*

6. Фьючерстік келісім-шарттар бір акцияға 570 АҚШ доллары бағамы бойынша жабылды.

Есептеулерді жүргізіңіз және төмендегі кестені толтырыңыз:

Атауы	Сума, АҚШ доллары	Негіздеме/ түсіндірме
10 келісім-шарт бойынша базалық активтің жалпы құны		
Позицияны ашуға алғашқы маржа		
2020 жылдың 04 ақпанындағы инвестордың пайдасы/шығыны		
2020 жылдың 04 ақпанындағы пайданы есепке алудан/шығынды есептен шығарудан кейінгі инвестордың шотындағы жалпы сома		
2020 жылдың 05 ақпанындағы инвестордың пайдасы/шығыны		
Қолданылатын маржа деңгейі		
Қолданылатын маржа деңгейіне дейін шоттың толықтырылуы (қажет болған жағдайда)		
Үш күндегі инвестордың жалпы пайдасы/жалпы шығыны		
2020 жылдың 05 ақпанындағы пайданы есепке алудан/шығынды есептен шығарудан кейінгі инвестордың шотындағы жалпы сома		

## ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Қаржы агенттігі шығаратын облигация түрін анықтаңыз:

- а) айырбасталатын
- б) агенттік
- в) алғашқы
- г) мемлекеттік

2. Ұйымдастырылған қор нарығында белгілі бір уақыт кезінде бағалы қағаздар бойынша сұраныстың немесе ұсыныстың бағасын анықтаңыз:

- а) айырбастау
- б) купон
- в) баға белгілеу
- г) номинал

3. Қор нарығының субъектілері арасында орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы үдерісінде қалыптасатын құқықтық қатынастарды сипаттаңыз:

- а) алғашқы нарық
- б) қайталама нарық
- в) алып-сатарлық нарық
- г) құлдырайтын нарық.

4. Эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және оларды ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы:

- а) клирингтік жүйе
- б) сауда-саттық жүйесі
- в) баға белгілеу жүйесі
- г) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесі

5. Стандартталған тауарлар партиясына, бағалы қағаздарға, валюта мен қаржылық құралдарына қатысты қолданылатын терминді көрсетіңіз:

- а) курс
- б) базалық актив
- в) баға белгілеу
- г) номинал.

6. Қаржылық құралдарды ұстаушының (сатып алушының) қор нарығының кәсіби қатысушысына беретін және өзіне тиесілі қаржылық құралдармен немесе ақша қаражаттарымен белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруын көрсететін құжатты көрсетіңіз:

- а) бұйрық
- б) келісім-шарт
- в) анықтама
- г) биржалық куәлік



7. Бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес ұйымды көрсетіңіз:

- а) депозитарий
- б) дилер
- в) биржа
- г) тіркеуші

8. Сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімінен бағалы қағаздарды уақытша немесе тұрақты алып тастауда қолданылатын терминді анықтаңыз:

- а) листинг
- б) клиринг
- в) делистинг
- г) мэтчинг

9. Орталық депозитарийдің өз клиенттерінің жеке шоттарындағы қаржылық құралдарды есепке алуына қатысты қолданылатын терминді көрсетіңіз:

- а) мэтчинг
- б) клиринг
- в) листинг
- г) депонирлеу

10. Эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржылық құралдар бойынша міндеттемелерді орындамау қалай аталады:

- а) мэтчинг
- б) клиринг
- в) дефолт
- г) депонирлеу

11. Орталық депозитарийдің клиенті болып табылатын ұйымды көрсетіңіз:

- а) депонент
- б) спекулянт
- в) арбитражер
- г) тіркеуші

12. Бағалы қағаз болып табылмайтын және Орталық депозитарий, тіркеуші немесе номиналды ұстаушымен берілетін, сондай-ақ тіркелген тұлғаның белгілі бір уақыт кезінде құқықтарын растайтын қаржылық құралдар бойынша құжатты көрсетіңіз:

- а) клиенттік тапсырыс
- б) клиенттік бұйрық
- в) биржалық куәлік
- г) жеке шоттан үзінді-көшірме

13. Шығарылымы уәкілетті органда тіркелетін бағалы қағаздарды көрсетіңіз:

- а) жарияланған
- б) орналастырылған
- в) сатып алынған
- г) тәркіленген

14. Меншікті активтерге немесе инвестициялық басқаруға берілген активтерге қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдауды жүзеге асыратын қор нарығының кәсіби қатысушысының алқалы органын (тіркеушіні және трансферагентті қоспағанда) көрсетіңіз:

- а) директорлар кеңесі
- б) инвестициялық комитет
- в) биржалық кеңес
- г) тағайындаулар жөніндегі комитет

15. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғаны көрсетіңіз:

- а) инсайдер
- б) депонент
- в) инвестор
- г) спекулянт

16. Шығарылу шарттары исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келетін эмиссиялық бағалы қағаздарды анықтаңыз:

- а) ерекшеленген
- б) классикалық
- в) исламдық
- г) борыштық

17. Клиенттердің қаржылық құралдар мен ақша қаражаттарының есебін жүргізуді және солар бойынша құқықтарды растауды, сондай-ақ өзіне клиенттердің құжаттамалық қаржылық құралдарды сақтау бойынша міндеттемелерді қабылдай отырып, оларды сақтауды жүзеге асыратын қор нарығының кәсіби қатысушыын көрсетіңіз:

- а) кастодиан
- б) брокер
- в) тіркеуші
- г) эмитент

18. Қор нарығының кәсіби қатысушысының қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенген тұлға:

- а) кастодиан
- б) инсайдер
- в) клиент
- г) спекулянт

19. Клирингтік ұйымының меншікті активтері есебінен қалыптастырылған және клирингтік ұйым қызметінің тәуекелдерін төмендетуге арналған қаражат:

- а) резервтік қор
- б) ұлттық қор
- в) тәуекелдерді жабу қоры
- г) инвестициялық қор

20. ЕСЖ-сінің бір секциясын көрсетіңіз

- а) квазимемлекеттік компаниялардың бағалы қағаздарымен сауда секциясы
- б) қор индексіндегі туынды бағалы қағаздармен сауда секциясы
- в) металдар және өнеркәсіптік тауарлармен сауда секциясы
- г) доллар-еуро валюталық жұбындағы фьючерстермен сауда секциясы

21. Өз мүддесі үшін және өз есебінен мәмілелер жасайтын қор нарығының кәсіби қатысушысын көрсетіңіз:

- а) брокер
- б) дилер
- в) биржа
- г) тіркеуші

22. Клиенттің мүддесі үшін оның есебінен және тапсырмасы бойынша мәмілелерді жүзеге асыратын қор нарығының кәсіби қатысушысын көрсетіңіз:

- а) биржа
- б) тіркеуші
- в) брокер
- г) дилер

23. Қазақстан Республикасының қор биржасының ұйымдық-құқықтық формасы қандай?:

- а) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- б) үкіметтік емес ұйым
- в) акционерлік қоғам
- г) республикалық мемлекеттік кәсіпорын

24. Сауда-саттықты ұйымдастырушылар:

- а) брокерлер мен дилерлер
- б) тіркеуші және орталық депозитарий
- в) биржа мүшелері
- г) қор биржасы және биржадан тыс нарықтың баға белгілеу ұйымы

25. Қаржылық құралдарға жататындар:

- а) акция
- б) облигация
- в) ақша
- г) аталғандардың барлығы дұрыс

26. Бағалы қағаздардың айналысына маманданған биржаны анықтаңыз:

- а) опциондық биржа
- б) валюталық биржа
- в) қор биржасы
- г) тауар биржасы

27. Қандай кәсіби қызмет уәкілетті органмен лицензиялауға жатпайды:

- а) трансфер-агент қызметі
- б) қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет
- в) сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметі
- г) тіркеушінің қызметі

28. Қандай кәсіби қызмет уәкілетті органмен лицензиялауға жатпайды:

- а) брокерлік
- б) дилерлік
- в) орталық депозитарийдің қызметі
- г) кастодиандық

29. Биржалық деривативтермен болатын сауда-саттық көлемінің өсуіне әсер ететін негізгі факторды анықтаңыз:

- а) бағалы қағаздармен болатын сауда-саттық көлемінің өсуі
- б) негізіне қор индекстері кіретін деривативтермен болатын сауда-саттық көлемінің өсуі
- в) мұнай және өзге де мұнай өнімдері үшін бағаның өсуі
- г) валюталық және тауарлық деривативтермен болатын сауда-саттық көлемінің өсуі

30. KASE-нің құрылған жылын көрсетіңіз:

- а) 1999
- б) 1996
- в) 2000
- г) 1993

31. ЕСЖ құрылған жылды көрсетіңіз:

- а) 2008
- б) 2006
- в) 2000
- г) 2007

32. Акционерлік компанияның ұйымдық-құқықтық формасында жұмыс істейтін KASE ... болып табылады:

- а) коммерциялық емес ұйым
- б) коммерциялық ұйым
- в) республикалық мемлекеттік кәсіпорын
- г) үкіметтік емес ұйым

33. Қаржылық қызметтерді көрсетумен және тұтынумен, қаржылық құралдардың айналысымен байланысты қатынастар жиынтығы:

- а) еңбек нарығы
- б) тауар нарығы
- в) қаржы нарығы
- г) шикізат нарығы

34. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалаудың мақсаттары:

- а) қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржы нарығында шынайы бәсекелестікті қолдауға бағытталған тең құқылы жағдайлар жасау
- б) ресурстар мен реттеу құралдарын тиімді пайдалану
- в) қаржылық ұйымдардың қызметі мен қаржылық қадағалаудың ашықтығы
- г) қаржы ұйымдарының жауапкершілігі

35. Әлем бойынша акцияларды жария орналастырудан инвестициялық ағымдардың жалпы төмендеуі жағдайында осы акциялардың жаңа шығарылымының динамикасын сипаттаңыз:

- а) IPO-дан инвестициялық ағымдар көлемінің өсуіне қарамастан, жалпы шығарылымдар санының төмендеуі байқалады
- б) IPO-дан инвестициялық ағымдар көлемінің төмендеуіне қарамастан, листингтердің жалпы санының өсуі байқалады
- в) IPO-дан инвестициялық ағымдар көлемінің төмендеуіне қарамастан, листингтердің жалпы саны өткен жылдың деңгейінде қалып отыр
- г) листингтер санының өсуі IPO-дан инвестициялық ағымдардың жалпы көлемінің ұлғаюына алып келді

36. Қор нарығының объектілерін көрсетіңіз:

- а) инвесторлар
- б) бағалы қағаздар
- в) эмитенттер
- г) аталғандардың барлығы дұрыс

37. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк активтерін басқаруды қандай ұйымға қатысты жүзеге асыратындығын көрсетіңіз:

- а) Ұлттық қор
- б) инвестициялық қор
- в) ерікті зейнетақы қоры
- г) сақтандыру компаниялары

38. Қор нарығының объектілерін көрсетіңіз:

- а) инвесторлар
- б) бағалы қағаздар
- в) эмитенттер
- г) аталғандардың барлығы дұрыс

39. Өз клиенттері арасында құжаттарды (ақпаратты) қабылдау және беру бойынша қызмет көрсететін қор нарығының кәсіби қатысушысын көрсетіңіз:

- а) облигацияларды ұстаушылардың өкілі
- б) трансфер-агент
- в) орталық контрагент
- г) төлем агенті.

40. Акционерлік компанияның дауыс беретін акцияларының он процентінен азы тиесілі акционерді көрсетіңіз:

- а) миноритарий
- б) ірі акционер
- в) инвестор – айырбасталатын бағалы қағаздарды ұстаушы
- г) трейдер

41. Акционерлік компанияның дауыс беретін акцияларының он процентінен көбі тиесілі акционердің мәртебесін көрсетіңіз:

- а) облигацияларды ұстаушылардың өкілі
- б) миноритарий
- в) орталық контрагент
- г) ірі акционер

42. Әлемде акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің өсуі аясында Америка континентіндегі капиталдандыру көрсеткішінің динамикасын сипаттаңыз:

- а) өсімнің баяулау үдерісі, көрсеткіш деңгейінің төмендеуі
- б) көрсеткіш деңгейінің жалпы өсуін сипаттайтын оң динамика
- в) көрсеткіш өзгеріссіз қалды
- г) сауда-саттық көлемінің оң динамикасы капиталдандырудың оң динамикасын анықтайды

43. Өз клиенттері арасында құжаттарды (ақпаратты) қабылдау және беру бойынша қызмет көрсететін қор нарығының кәсіби қатысушысын көрсетіңіз:

- а) облигацияларды ұстаушылардың өкілі
- б) трансфер-агент
- в) орталық контрагент
- г) төлем агенті

44. Жиынтығына акционерлік компанияның дауыс беретін акцияларының отыз процентінің тиесілілігі көрсетілген өзара жасасқан келісім негізінде жүзеге асырылатын бірнеше акционерлердің тобын көрсетіңіз:

- а) облигацияларды ұстаушылардың өкілдері
- б) миноритарийлер
- в) орталық контрагенттер
- г) ірі акционерлер.

45. KASE акция нарығының индикаторын көрсетіңіз:

- а) KIBOR индикаторы
- б) KIBID индикаторы
- в) KASE индексі
- г) KASE\_BC индексі

46. Бағалы қағаздардың шығарылым формасы бойынша түрлерін көрсетіңіз:

- а) құжатты және құжатсыз
- б) қысқа мерзімді және орта мерзімді
- в) мемлекеттік және кәсіпорындық
- г) жаһандық және инфрақұрылымдық

47. Айналым мерзімі бойынша борыштық бағалы қағаздардың түрлерін көрсетіңіз:

- а) эмиссиялық және эмиссиялық емес
- б) қысқа мерзімді және орта мерзімді
- в) мемлекеттік және кәсіпорындық
- г) атаулы және ұсынбалы

48. Қаржылық активті көрсетіңіз

- а) ғимарат
- б) инвестордың автомобилі
- в) ақша
- г) тауарлық-материалдық құндылықтар

49. Проценттік ставкасы ауыспалы – өзгермелі индикаторға тәуелді облигация түрін көрсетіңіз:

- а) нөлдік купонды облигациялар
- б) өзгермелі проценттік мөлшерлемесі бар облигациялар
- в) дисконттық облигациялар
- г) тіркелген проценттік мөлшерлемесі бар облигациялар

50. Акционерлік компанияның дауыс беретін акцияларының он процентінен азы тиесілі акционерді көрсетіңіз:

- а) миноритарий
- б) ірі акционер
- в) инвестор – айырбасталатын бағалы қағаздарды ұстаушы
- г) трейдер

51. Корпоративтік облигациялар нарығының индикаторын көрсетіңіз:

- а) KIBOR индикаторы
- б) KIBID индикаторы
- в) KASE индексі
- г) KASE\_BC индексі

52. Ақша қаражаттарын депозитке тарту мөлшерлемелерінің орташа мәнін айқындайтын ақша нарығы индикаторын көрсетіңіз:

- а) KIBOR индикаторы
- б) KIBID индикаторы
- в) KIMEAN индикаторы
- г) KazPrime индикаторы

53. Ақша қаражаттарын депозитке тарту мөлшерлемелерінің орташа мәнін айқындайтын ақша нарығы индикаторын көрсетіңіз:

- а) SWAP-1D
- б) KIBOR индикаторы
- в) KIBID индикаторы
- г) KIMEAN индикаторы

54. Облигация бойынша купон проценттерді төлеуді көздемейтін, бірақ дисконтпен, яғни номиналды құнынан жеңілдікпен орналастырылатын облигациялар түрін көрсетіңіз:

- а) нөлдік купонды облигациялар
- б) өзгермелі проценттік мөлшерлемесі бар облигациялар
- в) бекітілген табыстылығы жарияланған облигациялар
- г) тіркелген проценттік мөлшерлемесі бар облигациялар

55. Қаржылық міндеттемені көрсетіңіз:

- а) ақша
- б) ақшаны немесе өзге де қаржылық активті басқа ұйымға беру туралы шартты міндеттеме
- в) басқа ұйымдардың үлестік құралдары
- г) ақша немесе өзге де қаржылық активті басқа ұйымнан алу туралы шарттық құқық

56. Биржалық сауда-саттық жүйесінде T+0 схемасы бойынша акцияларды сату мәмілесін жасау үшін сауда-саттыққа қатысушылар мен олардың клиенттерінде болуы тиіс:

- а) Орталық депозитарийдегі қосалқы шоттарында: бағалы қағаздардың саны мәміле жасалған күннен кейінгі келесі күнге сатумен анықталған клиенттік тапсырыстардан кем емес
- б) Орталық депозитарийдегі банктік шоттардағы ақша сомасы сатуға берілген клиенттік тапсырыстардың жиынтық көлемінен кем емес
- в) БЕАҚО ААБЖ-сіндегі (БЕАҚО ҚРҰБ, ЕДБ үшін, ААБЖ) банктік шоттардағы ақша сомасы сатуға берілген клиенттік тапсырыстардың жиынтық көлемінен кем емес
- г) Орталық депозитарийдегі қосалқы шоттарында: бағалы қағаздардың саны сатуға берілген клиенттік тапсырыстардан кем емес



57. Биржалық сауда-саттық жүйесінде T + 0 схемасы бойынша облигацияларды сатып алу мәмілесін жасасу үшін сауда-саттыққа қатысушылар мен олардың клиенттерінде болуы тиіс:

- а) Орталық депозитарийдегі қосалқы шоттарында: бағалы қағаздардың саны мәміле жасалған күннен кейінгі келесі күнге сатумен анықталған клиенттік тапсырыстардан кем емес
- б) Орталық депозитарийдегі банктік шоттардағы ақша сомасы сатып алуға берілген клиенттік тапсырыстардың жиынтық көлемінен кем емес
- в) БЕАҚО ААБЖ-сіндегі (БЕАҚО ҚРҰБ, ЕДБ үшін, ААБЖ) банктік шоттардағы ақша сомасы сатуға берілген клиенттік тапсырыстардың жиынтық көлемінен кем емес
- г) Бірыңғай тіркеушідегі қосалқы шоттарында: бағалы қағаздардың саны сатуға берілген клиенттік тапсырыстардан кем емес

58. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылады:

- а) тіркеушімен
- б) орталық депозитариймен
- в) биржамен
- г) реттеушімен

59. Эмитент туралы, оның қаржылық жағдайы және эмиссиялық бағалы қағаздарды сату болжамы көрсетілген мәліметтер мен басқа да ақпараттарды қамтитын құжатты көрсетіңіз:

- а) листингтік талаптар
- б) дивидендтік саясат
- в) облигацияларының шығарылым аңдатпасы
- г) корпоративтік басқару кодексі

60. Жарияланған акциялардың саны ұлғайғанда және орналастырылған акциялардың түрі өзгергенде немесе облигациялардың саны кеміген кезде уәкілетті орган:

- а) жарияланған акциялар (облигациялар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстырады
- б) жарияланған акциялар (облигациялар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жояды
- в) акциялар (облигациялар) шығарылымын жояды
- г) эмитенттен айыппұл өндіріп алады

61. «Өзге де борыштық бағалы қағаздарға» жатпайтын санатты көрсетіңіз:

- а) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары
- б) секьюритилендірілген борыштық бағалы қағаздар
- в) инфрақұрылымдық борыштық бағалы қағаздар
- г) арнайы кәсіпорын шығарған борыштық бағалы қағаздар

62. Облигациялар шығару проспектісінің ажырамас бөлігін көрсетіңіз:
- а) облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттардың көшірмелері
  - б) ұйымдастырылмаған нарықта қоғаммен сатып алынған акциялардың құнын анықтау әдістемесі
  - в) ұйымдастырылған нарықта қоғаммен сатып алынған акциялардың құнын анықтау әдістемесі
  - г) компанияның таза кірісін акционерлік капитал бойынша бөлу тәртібі
63. Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруы тиіс жағдайды анықтаңыз:
- а) облигациялардың айналым мерзімінің аяқталуы
  - б) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер есептеу
  - в) жай акциялар бойынша дивидендтер есептеу
  - г) эмитент органының облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдауы
64. «Борыштық бағалы қағаздар» секторының бір санатын көрсетіңіз:
- а) бірінші санат
  - б) екінші санат
  - в) буферлік санат
  - г) үлестік бағалы қағаздар
65. «Акциялар» секторының бір санатын көрсетіңіз:
- а) бірінші санат
  - б) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары санаты
  - в) буферлік санат
  - г) үлестік бағалы қағаздар
66. Ашық сауда-саттықты (ең көп таралған) жүргізудің негізгі әдісін көрсетіңіз:
- а) голландиялық сауда-саттық әдісі
  - б) жазылу әдісі
  - в) мамандандырылған сауда-саттық әдісі
  - г) үздіксіз қарсылама аукцион әдісі
67. Ашық сауда-саттыққа жатпайтын әдісті анықтаңыз:
- а) жазылу әдісі
  - б) голландтық сауда-саттық әдісі
  - в) фиксинг әдісі
  - г) франкфурттік сауда-саттық әдісі
68. Сауда-саттық регламенті дегеніміз не?:
- а) қор биржасы мүшелері мен қор биржасы трейдерлерінің жауапкершілігі
  - б) сауда-саттықты жүргізудің негізгі параметрлері
  - в) орталық контрагент ретіндегі қор биржасының міндеттері
  - г) айналысқа жіберілген қаржылық құралдарды бағалау әдістері

69. KASE-де «Қазтрансойл» АҚ акцияларының алғашқы сауда-саттығы барысында бірінші мәміленің бағасы:

- а) 725
- б) 800
- в) 819
- г) 850

70. «Халықтық IPO» бағдарламасын өткізу барысында «Қазтрансойл» АҚ-ның акцияларын орналастыру бағасы:

- а) 525
- б) 625
- в) 725
- г) 825

71. «Халықтық IPO» қорытындысы бойынша «Қазтрансойл» АҚ акционерлерінің санын көрсетіңіз:

- а) шамамен 34 мың
- б) 52 мыңнан көп
- в) 10 мыңнан кем
- г) 500-ден кем

72. Қандай субъектілер қор биржасының мүшелері болып табылады?:

- а) трейдерлер
- б) сауда-саттықты ұйымдастырушылар
- в) нарықтың кәсіби қатысушылары
- г) инвесторлар

73. Биржаның клирингтік қызметін пайдалануға құқылы:

- а) кәсіби қатысушылар
- б) клирингтік қатысушылар
- в) биржа мүшелері
- г) трейдерлер.

74. Қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша орталық контрагенттің қызметін биржа жүзеге асыратын нарықты көрсетіңіз,

- а) деривативтер нарығы
- б) корпоративтік қор нарығы
- в) мемлекеттік қор нарығы
- г) репо операциялары нарығы

75. Биржаның клирингтік қызметіне алынатын құралды көрсетіңіз:

- а) «Қазмұнайгаз «Барлау Өндіру» АҚ-ның жай акциялары
- б) «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-ның облигациялары
- в) T + 3 есеп айырысу мерзімі бойынша теңгемен есептелген еуро
- г) «Қазмұнайгаз «Барлау Өндіру» АҚ-ның жай акцияларына үш айлық фьючерс

76. Биржаның клирингтік қызметіне алынатын құралды көрсетіңіз:

- а) «Қазтрансойл» АҚ-ның жай акцияларына алты айлық фьючерс
- б) «Қазмұнайгаз» Барлау Өндіру» АҚ жай акцияларына алты айлық фьючерс
- в) T + 0 есеп айырысу мерзімі бойынша теңгемен есептелген еуро
- г) T + 3 және T + 5 есеп айырысу мерзімі бойынша теңгемен есептелген АҚШ долларына қатысты валюталық своп операциясы

77. ҚРҰБ өз нетто-міндеттемелерін төлеуде валютаны жеткізудің қандай режимін таңдауға құқылы?:

- а) сатылатын немесе сатып алынатын шетел валютасын алдын ала төлеу режимі
- б) сатылатын немесе сатып алынатын шетел валютасын есеп айырысуды жүзеге асыру белгіленген уақытқа дейін мерзімді төлеу режимі
- в) сатылатын шетел валютасын бақылаусыз жеткізу режимі – есеп айырысуды жүзеге асыру күні ішінде (Алматы уақыты бойынша)
- г) барлық шетел валюталары бойынша нетто-позицияның күндізгі жиынтық лимитін белгілей отырып, сатылатын немесе сатып алынатын шетел валютасын мерзімді төлеу режимі

78. Шетелдік валюталармен биржалық сауда-саттықтың есептесуді жүзеге асыру күніндегі (Алматы уақыты бойынша) нәтижелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру регламентіне сәйкес сауда-саттыққа қатысушылардың қазақстандық теңгені Биржаның корреспонденттік шотына аударуының шекті уақытын көрсетіңіз:

- а) 16.30
- б) 12.00
- в) 17.00
- г) 17.30

79. Шетелдік валюталармен биржалық сауда-саттықтың есептесуді жүзеге асыру күніндегі (Алматы уақыты бойынша) нәтижелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру регламентіне сәйкес қытай юані бойынша маркет-мейкердің шетел валютасын Биржаның корреспонденттік шотына аударуының шекті уақытын көрсетіңіз:

- а) 16.30
- б) 12.00
- в) 17.00
- г) 17.30

80. Эмитенттің міндеттемелерінің мөлшері мен меншікті капиталының арасындағы арақатынас:

- а) левередж
- б) депонирлеу
- в) резервтеу
- г) табыстылық

81. Есептесуді жүзеге асыру күнінде (Алматы уақыты бойынша) мемлекеттік бағалы қағаздарды оқшаулау жағдайында сауда-саттыққа қатысушылардың шетел валютасын (суро) Биржаның корреспонденттік шотына аударуының шекті уақытын көрсетіңіз:

- а) 21.00
- б) 24.00
- в) 16.30
- г) 18.00

82. Қор нарығының кәсіби қатысушылары мен олардың клиенттерінің мүдделерінің бір-біріне сәйкес келмеу жағдайын анықтаңыз:

- а) левередж
- б) арбитраж
- в) ақпараттың дұрыс таратылмауы
- г) мүдделер қақтығысы

83. Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сыйақы және номиналды құнды төлеу жолымен айналыстан алу бойынша іс-әрекетін сипаттаңыз:

- а) өтеу
- б) шығару
- в) листинг
- г) делистинг

84. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде және номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салу:

- а) депонирлеу
- б) оқшаулау
- в) листинг
- г) делистинг

85. Қор не тауар биржасында қаржылық құралды сатушы немесе сатып алушының әрбірі үшін жасалатын мәмілелердің бір тарапы болып табылатын заңды тұлғаны анықтаңыз:

- а) депонент
- б) орталық контрагент
- в) оригинатор
- г) тіркеуші

86. Эмиссиялық бағалы қағаздар және олардың эмитенттері туралы уәкілетті орган қалыптастыратын мәліметтер жиынтығын атаңыз:

- а) мемлекеттік тізілім
- б) ұстаушылардың тізілімі
- в) ресми тізім
- г) есепке алу жүйесі

87. Белгілі бір эмитенттің салыстырмалы несиелік қабілетін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін, бағалаудың жеке сандық және әріптік көрсеткішін көрсетіңіз:

- а) рейтинг
- б) баға белгілеу
- в) тикер
- г) стрип

88. Белгілі бір эмитенттің салыстырмалы несиелік қабілетін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін, бағалаудың жеке сандық және әріптік көрсеткішін көрсетіңіз:

- а) рейтинг
- б) баға белгілеу
- в) тикер
- г) стрип

89. Уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздарға оларды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында беретін әріптік-сандық кодын көрсетіңіз:

- а) рейтинг
- б) ұлттық сәйкестендіру нөмірі
- в) ұлттық сәйкестендіру коды
- г) стрип

90. Бағаның қолайсыз өзгеруі нәтижесінде туындайтын ықтимал шығынды өтеу мақсатында туынды қаржылық құралдармен жасалатын операцияны көрсетіңіз:

- а) депонирлеу
- б) маржирлеу
- в) резервтеу
- г) хеджирлеу

91. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың азаматтық құқық объектісі ретінде туындауына немесе орналастырылуы, айналымы және өтелуі шығарылым проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығына бағытталған іс-әрекетін анықтаңыз:

- а) шығару
- б) тіркеу
- в) делистинг
- г) листинг

92. Шектеулі ықпал ету шараларын анықтаңыз:

- а) ұйғарым
- б) лицензияны қайтарып алу
- в) жою
- г) банкроттық

93. Эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және орналастыру бойынша бірлесіп қызмет көрсету мақсатында құрылған келісім-шарт негізінде қызмет ететін андеррайтерлердің бірлестігін көрсетіңіз:

- а) инвестициялық комитет
- б) портфельді басқарушы
- в) клирингтік қатысушы
- г) эмиссиялық консорциум.

94. Эмиссиялық бағалы қағаздар және олардың эмитенттері туралы уәкілетті орган қалыптастыратын мәліметтер жиынтығын атаңыз:

- а) мемлекеттік тізілім
- б) ұстаушылардың тізілімі
- в) ресми тізім
- г) есепке алу жүйесі

95. Акционерлік компанияның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайтын органды көрсетіңіз:

- а) құрылтай жиналысы
- б) директорлар кеңесі
- в) инвестициялық комитет
- г) басқарма

96. Қор нарығының субъектісіне анықталған құқық бұзушылықтарды және себептерді жоюға бағытталған түзету шараларын міндетті орындауы туралы реттеуші тарапынан берілген нұсқау:

- а) жазбаша хабарлама
- б) жазбаша келісім
- в) жазбаша ескерту жасау
- г) жазбаша нұсқама беру

97. Қор нарығының субъектісіне немесе оның басшы қызметкеріне реттеуші тарапынан санкциялар қолдану мүмкіндігі туралы уәкілетті органның берген хабарламасы:

- а) жазбаша шеттету
- б) жазбаша келісім
- в) жазбаша ескерту жасау
- г) жазбаша нұсқама беру

98. Уәкілетті орган қор нарығының субъектісіне қандай санкциялар қолдануға құқылы:

- а) айыппұлдар
- б) лицензия мерзімін ұзартудан бас тарту
- в) шотын оқшаулау
- г) заңды тұлғаны тіркеуді кері қайтарып алу

99. Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға:

- а) брокер
- б) инвестор
- в) эмитент
- г) депонент

100. Акционерлік компанияның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайтын органды көрсетіңіз:

- а) аудит жөніндегі комитет
- б) облигацияларды ұстаушылар
- в) акционерлердің жалпы жиналысы
- г) директорлар кеңесі



## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

АҚ	–	акционерлік қоғам
IPO	–	initial public offering
KASE	–	Қазақстан қор биржасы
PPO	–	primary public offering
SPO	–	secondary public offering
WFE	–	World Federation of Exchanges / Қор биржаларының дүниежүзілік федерациясы
ААБЖ		акша аударудың банкаралық жүйесі
АҚШ ҚЕС	–	АҚШ-тың қаржылық есептілік стандарттары
БАҚ		бұқаралық ақпараттар құралы
БЕАҚО		банкаралық есеп айырысудың Қазақстандық орталығы
БЖЗҚ	–	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
БҚ	–	бағалы қағаздар
БҚН	–	бағалы қағаздар нарығы
БН	–	биржа нарығы
Долл.	–	АҚШ доллары
ЕДБ	–	екінші деңгейдегі банк/банктер
ЕСЖ	–	«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы»
ЖШС	–	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Кәсіби қатысушы	–	қор нарығының кәсіби қатысушысы
КЕХС	–	қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
ҚРҰБ	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
МБҚ	–	мемлекеттік бағалы қағаздар
ОД	–	бағалы қағаздардың Орталық депозитарийі
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ	–	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
«Халықтық IPO» бағдарламасы / бағдарлама	–	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакетін қор нарығына шығару бағдарламасы

## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлімі) (24 қараша 2015 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).
2. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2 маусым 2003 жылғы № 461-ІІ (03 желтоқсан 2015 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы
3. «Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 4 шілде 2003 жылғы № 474-ІІ (24 қараша 2015 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы
4. «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 16 мамыр 2014 жылғы № 202-V (14 қаңтар 2016 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы
5. «Акционерлік қоғамдар туралы» 13 мамыр 2003 жылғы № 415-ІІ (24 қараша 2015 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы
6. 8 желтоқсан 2009 жылғы № 2042 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген биржалық сауданың типтік ережелері
7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 22 қазан 2014 жылғы № 189 қаулысымен бекітілген эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар
8. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 27 қаңтар 2012 жылғы № 17 қаулысымен бекітілген сауда-саттық регламенті және растау жүйесі»
9. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 29 ақпан 2012 жылғы № 4 шешімімен бекітілген, репо операцияларын жүзеге асыру ережелері»
10. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 31 қаңтар 2013 жылғы № 2 шешімімен бекітілген туынды қаржылық құралдармен биржалық сауда-саттық ережелері»
11. «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ биржалық кеңесінің 01 қараша 1996 жылғы № 11 (15 наурыз 2013 2013 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) шешімімен бекітілген шетел валюталарымен биржалық сауда-саттық ережелері
12. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген автоматты репо нарығының спецификациясы 14 ақпан 2014 жылғы № 20.
13. «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің 29 желтоқсан 2004 жылғы № 29 (28 наурыз 2014 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) қаулысымен бекітілген Сауда-саттықты өткізу әдістері туралы ереже.

14. «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі № 135/1 (2014 жылғы 21 мамырдағы өзгерістер мен толықтырулармен) шешімімен бекітілген қор нарығының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі
15. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 96 (2014 жылғы 10 желтоқсандағы өзгертулермен) шешімімен бекітілген клирингтік қызметтерге қабылданған қаржы құралдарының тізбесі
16. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 2015 жылғы 08 сәуірдегі № 7 шешімімен бекітілген қаржы құралдарымен операциялар бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелері
17. «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржалық кеңесінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 7 шешімімен бекітілген клирингке қатысушылар туралы ереже
18. «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің 2009 жылғы 5 қарашадағы № 29 (а) (2015 жылғы 10 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулармен) шешімімен бекітілген листингтік ережелер
19. «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ валюта нарығы бойынша биржалық кеңесі комитетінің 1999 ж. 24 тамыздағы № 6 (2015 ж. 8 қазандағы өзгертулер мен толықтырулармен) шешімімен бекітілген, шетел валютасындағы сауда-саттық нәтижелері бойынша есеп айырысу жүргізу ережелері
20. Найман Э.Л. Малая энциклопедия трейдера. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2006. – 7-е изд. – 403.
21. Миркин Я.М. Рынок ценных бумаг России: воздействие фундаментальных факторов, прогноз и политика развития. – М.: Альпина Паблишер, 2002. – 624 с.
22. Ческидов Б.М. Модели рынков ценных бумаг. – СПб.: Питер, 2006.
23. Арсеньев В. Руководство по российскому рынку капитала. – М.: Альпина Паблишер, 2001. – 280 с.
24. Рынок облигаций. Курс для начинающих (Серия «Reuters для финансистов») / Пер. с англ. – М.: Альпина Паблишер, 2003. – 337 с.
25. History of the Chicago Mercantile Exchange by Everette V. Haggis
26. Худайбергенов О. Почем акции для народа // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2012. № 6. – С. 30-33.
27. Мертенс А. Инвестиции. Курс лекций по современной финансовой теории. – К.: Киевское инвестиционное агентство, 1997. – 416 с.
28. Дорнбуш М., Фишер С. Макроэкономика/ Пер. с англ. – М: Изд-во МГУ: ИНФРА-М, 1997.
29. Курс экономической теории: Учебник – 5-е дополненное и переработанное издание – Киров: АСА, 2004. – 832 с.
30. UN Report «World Economic Situation and Prospects 2019» [www.un.org/en/development/desa/policy/wesp/wesp.../2019wesp\\_full\\_en.pdf](http://www.un.org/en/development/desa/policy/wesp/wesp.../2019wesp_full_en.pdf) - 2020.
31. IMF Report «World Economic Outlook. October 2020» <https://www.imf.org/external/pubs/ft/weo/2020/02/pdf/text.pdf>.

32. World Federation of Exchanges. Full Year Statistics Show 2015 // <http://www.world-exchanges.org>.

**Интернет-ресуртар тізімі:**

33. [www.world-exchanges.org](http://www.world-exchanges.org).
34. Биржа туралы. Жалпы мәліметтер // [www.kase.kz/ru/general\\_info](http://www.kase.kz/ru/general_info).
35. Сандармен KASE-20 жыл // [www.edu.kase.kz](http://www.edu.kase.kz).
36. Фьючерстер // [www.edu.kase.kz](http://www.edu.kase.kz).
37. Мемлекеттік бағалы қағаздар // [www.edu.kase.kz](http://www.edu.kase.kz).
38. Overview of Dow Jones Averages // [www.djaverages.com](http://www.djaverages.com).
39. 01 ақпан 2018 жылға типтік тұсаукесер//[www.kase.kz](http://www.kase.kz).
40. Қалай инвестор болдым // [www.edu.kase.kz](http://www.edu.kase.kz).
41. [http://studme.org/36751/finansy/optionnyye\\_kontrakty](http://studme.org/36751/finansy/optionnyye_kontrakty)
42. FIA Annual Global Futures and Options Volume: gains in North America and Europe offset declines in Asia-Pacific//[www.fimag.fia.org](http://www.fimag.fia.org).
43. Қазақстан Ұлттық банктің ресми интернет-ресурсы. <https://nationalbank.kz/kz>
44. Статистика//[www.kase.kz/ru/statistics](http://www.kase.kz/ru/statistics)
45. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсы. <https://www.finreg.kz>
46. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайты [www.gov.kz](http://www.gov.kz)